



ОТПЕН АЛЫСЫП, ТЕМІРМЕН ТІЛДЕСКЕН




Металлург – оттың қасында жүріп, темірмен тілдесетін нағыз еңбек адамы. Бұл мамандықтың иелері күн сайын ыстық пештің жанында, балқыған металдың арасында жұмыс істейді. Олардың еңбегі – көрінбейтін, бірақ әрбір зауыттың, әрбір құрылыс пен өндірістің негізі. Жыл сайын шілденің үшінші жексенбісінде металлургия күні атап өтіледі. Премьер-Министр Олжас Бектенов кәсіби мерекеге орай тау-кен металлургия саласының еңбеккерлеріне Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан мемлекеттік наградаларды табыс етті. Сондай-ақ металлургия саласын дамыту Үкіметтің басымдықтарының бірі болып қала беретінін атап өтті. Біз өмірінің 40 жылын Балқаш мыс қорыту зауытына арнаған, ардагер мыс балқытушы, «Еңбек даңқы» төсбелгісінің иегері Мақат Арзымбетовпен сұхбаттастық.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖҰРТ ЛОМБАРДҚА ЖӨҢКІЛДІ...

Ломбардтар саны азайып келеді. Мұны ресми статистика куәландырады: 3 жыл ішінде осы нарықтағы компаниялар саны 548-ден 480-ге дейін кеміген. Алайда бұл динамика басқа жайттан хабар береді: шынында сала іріленіп, «шортандар» «шабақтарын» жұтып қойып жатыр. Компаниялар санының азаюы содан. Ал нарықты жайлаған алпауыттар өз брендпен жұмыс істейтін желілерін қаптатып ашуды жалғастырды. Сарапшылар бұл сала әлі де көлеңкеде қалып тұрғанын, тәртіп пен реттеуді күшейту талап етілетінін ескертеді.




→ 5

ҰЛТТЫҢ ЖОҒЫН ЖОҚТАҒАН АЗАМАТ



→ 9

ШЕГІРТКЕЛЕР «ШАБУЫЛЫ»



→ 15

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті ақын, сазгер, Қазақстанның Халық жазушысы, «Парасат» орденінің иегері Исраил Сапарбайдың дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты.

– Исраил Сапарбай ғибратты ғұмырын киелі сөз өнеріне арнаған, төл әдебиетіміздің көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосқан дарынды қаламгер еді. Ұлттық поэзия мен драматургияда өзіндік қолтаңбасын қалдырып, нағыз шығармашыл тұлға ретінде өнімді еңбек етті. Қалың оқырман өміршең туындыларымен қатар ұлтжанды азаматтығын жоғары бағалады. Сонына бай әдеби-мәдени мұра қалдырған Исраил Сапарбайдың жарқын бейнесі мен есімі ұмытылмайды, – деп жазылған жеделхатта.

Арманға АПАРАР ЖОЛ



16-27 шілде аралығында Германияның Рейн-Рур аймағында XXXII Дүниежүзілік жазғы Универсиада ойындары өтіп жатыр. Онда ел намысын 12 спорт түрінен 76 спортшы қорғайды. Жалпы, 8,5 мыңға жуық студент-спортшы 200-ден астам медальды сарапқа салады. Ал байрақты бәсекеде ұлттық құраманы жас жүйрік Батырхан Төлеуғали бастап барды.

ҮМІТ АРТАР ӨРЕНДЕР

Иә, бұл – жаздағы басты доданың бірі. Себебі жас спортшыны топқа салып, шабысын байқар сәт. Ол да өзін дәлелдеп, әлем чемпионаты мен Олимпиадаға дейінгі жол картасын әзірлейтін уақыт. Сол үшін қатысушылар барын салуға уәде берген-ді. Жанкүйер де 76 атлеттің тілеуін тілеп, сүйінші хабар күтіп жүр. Өйткені жауаптылар 2023 жылы Қытайда өткен жазғы универсиададағыдай нәтиже көрсетуге ниетті. Есте болса, 2013 жылы ел құрамасы 30 жұлдемен 19 орын алған-ды. Қай жарыс болмасын алтынның салмағы басым екенін ескерсек, 2015 жылы Кванджуда атой салғанымыз еске түседі. Жастар қоржынға бақандай алты алтын медаль салды. Жалпы есепте 11 орын алдық. Расымен, 2007 жылы Бангкокта өткен студенттер ойынында да 11 орын алғанымен, оның бесеуі алтын алды. Ал Германиядағы жазғы Универсиада Дуйсбург, Бохум, Эссен, Хаген, Мюльхайм мен Берлинде өтеді.

→ 16

АҚПАРАТ

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

НАРЫҚ



ТЕҢГЕ ТАҒЫ ТАРИХИ МИНИМУМҒА ЖЕТТІ

Жаз ортасы келгенде доллардың теңгеге шаққандағы бағамы тағы да қымбаттап, ұлттық валютаның құны құлдырай түсті. Қазақстан Қор биржасының (KASE) мәліметінше, кеше 1 АҚШ долларының орташа бағамы 533,61 теңгені құрады. Осылайша, шілде басталғалы ұлттық валюта шамамен 2,7%-ға немесе 14 теңгеге әлсіреді. Бұл – осы уақытқа дейін тіркелген ең жоғары көрсеткіш. Бұған дейін мұндай күрт өзгеріс соңғы рет 2024 жылдың сәуір айында тіркелген болатын. Теңге бағамының «теңселуіне» не түрткі болды және бұл құбылысқа қаншалықты маңыз берген абзал?

А Кәмила ДҮЙСЕН

Сарапшылардың сөзіне сүйенсек, тенгенің әлсіреуі маусым айының ортасында бастау алған. Ал шілде айының ортасында жағдай қайта ұшығып, валюта бағамы тағы да төмен түсті. Қазақстан қаржыгерлер қауымдас-тығының бас сарапшысы Рамазан Досовтың айтуынша, доллар бағамының күрт өсуіне нарықтың жана бюджеттік бағдарға шамадан тыс реакциясы себеп болған.

— Бұл бағдар макроэкономикалық көрсеткіштерді қайта қарау аясында жарияланды. Жаңа болжам бойынша доллардың орташа жылдық бағамы бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда 13,7%-ға жоғары болды. Нарық қатысушылары бұл өзгерісті теңгенің әрі қарай әлсіреуіне жол берілгендей қабылдады. Соның салдарынан импорттаушылар, бизнес өкілдері мен қарапайым халық тарапынан кейінге қалдырып келген доллар сатып алуға деген сұраныс күрт артты. Ал шетел валютасының нарықтағы ұсынысы бұл сұранысты жаба алмады. Нәтижесінде, валюта бағамы бірден көтеріліп кетті. Орталық банктің мұндай жағдайда әдетте қолданатын түсіндіру шараларын уақытылы жасамауы (яғни, «сөздік интервенция» болмауы) нарықтағы доллар бағамының әрі қарай да өсе беретініне деген сенімді күшейтті, — дейді маман.

Ал Ұлттық банк төрағасының орынбасары Әлия Молдабекова Үкіметтің доллар бағамы 540 теңге болады деген мәлідемесі нарық қатысушылары үшін бағдар немесе белгі ретінде қабылданбауы керек екенін айтады.

«Бұл тек техникалық есеп үшін қолданылатын шартты көрсеткіш. Ол республикалық бюджеттің базалық сценарийін есептеу кезінде қолданылады. Мұнай бағамы 60 доллар деп алынған, ол да келесі 2026 жылға арналған. Бұл – Үкіметтің сақтықпен жоспарлау тәсілін көрсететін параметр. Қазір өздеріңіз білесіздер, мұнай бағамы шамамен 70 доллар деңгейінде», — деді Ұлттық банк өкілі.

Сонымен қатар ол маусым айындағы теңгенің әлсіреуіне әсер еткен екі басты себепті атады. Біріншісі — демалыс маусымының басталуы, екіншісі — түрлі тауарды шеттен әкелуді қажет ететін мемлекеттік инвестициялық жобалардың белсенді кезеңге өтуі.

«Ұлттық валюта нарығында шетел валютасына деген сұраныс тұрақты. Оған, әсіресе, маусымдық факторлар себепші болып отыр. Сонымен қатар жылдың екінші жартысында мемлекеттік бюджет қаржысының белсенді игерілуі, импортқа төлемдердің көбеюі және шетелге шығатын туризмнің артуы шетел валютасына сұранысты күшейтеді. Маусым айынан бастап импорт көлемі жыл басындағы орташа айлық деңгейден 25%-ға жоғары

болған. Валюта биржасындағы сауда көлемі де орта есеппен 22%-ға ұлғайған», — дейді Әлия ханым.

Сондай-ақ оның айтуынша, нарықта шетел валютасының ұсынысы азайып, квазимемлекеттік сектор тарапынан жасалатын валюталық операциялар саны кеміген. Осыған байланысты кейбір кезеңдерде нарықта шетел валютасының жетіспеушілігі байқалып, бұл доллар бағамының өсуіне ықпал етуде.

Ұлттық банк өкілі сыртқы жағдайлар әлі де қолайлы екенін айтты: мұнай бағамы шамамен 70 доллар деңгейінде, әлемдік нарықта доллар индексі төмендеп жатыр, ал инвесторлар әлі де тәуекелге бейім активтерге қызығушылық танытуда. Алайда соңғы күндері валюта бағамының ауытқуына негізгі экономикалық себептерден тыс факторлар әсер етуде.

«Қазір байқалып жатқан теңгенің әлсіреуі қисынсыз деп санаймыз және нарықтағы бағам түзетілуі мүмкін екенін жоққа шығармаймыз. Сондықтан шетел валютасын сатып алуға қатысты шешімдерді асықпай, ойланып қабылдаған жөн. Себебі болашақта бағам түзелсе, шығынға ұшырау қаупі бар», — деді Ә. Молдабекова.

Шілде айының басында Қазақстан қаржыгерлер қауымдас-тығы жүргізген сауалнамала сарапшылар бір жылдан кейін доллар бағамы 548,5 теңге болады деп болжаған. Дегенмен қауымдас-тық өкілі Рамазан Досов Ұлттық банк тарапынан жасалатын интервенциялар мен белгі беруші шаралар валюта бағамындағы күрт ауытқуды жұмсарту алады деген пікірімен бөлісті.

— Болашақта доллар бағамының өзгерісі бірқатар факторға байланысты болады: мұнай бағамына, серіктес елдердегі пайыздық мөлшерлемелерге, рубль бағамының динамикасына, ағымдағы есеп балансына, шетелдік инвесторлардың тенгелік активтерден кетуі немесе келуіне, импорт көлемінің өсуіне, мемлекеттік қаражаттың игерілуіне және т.б. байланысты. Егер импорт жоғары деңгейде қала берсе, ал экспорттың өсуі баяу болса, тенгеге қысым жалғасуы мүмкін. Дегенмен, мысалы, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗК) үшін шетел валютасын сатып алуды уақытша тоқтату (әсіресе, шетелдік активтерді қайта бағалау жүргізілгенде және қымбат бағамен валюта сатып алудың қажеті жоқ кезде), квазимемлекеттік сектордың экспорттық табысын міндетті түрде айырбастап сатуын талап ету теңге бағамын тұрақтандыруға көмектесе алады, — дейді ол.

Қорыта айтқанда, қаржы нарығының құбылуы қалыпты үрдіс. Сондықтан сарапшылар мұндай толқуларды уақыт өте келе нарық өзі түзетіп, қалыпты деңгейде түсіреді деген пікірде.

ОТПЕН АЛЫСЫП, ТЕМІРМЕН ТІЛДЕСКЕН

(Басы 1-бетте)

— **Металлург болу бала арманыңыз ба? Бұл мамандыққа қалай келдіңіз?**

— Мен металлург боламын деп армандағаным жоқ. Біздің әулетіміздің ең үлкені, ағамыз Марат Арзымбетов Балқаш мыс зауытында балқытушы болып еңбек етіп жүрді. Сол кісінің жолын қуып, әскерден келгеннен кейін мен де металлург мамандығын таңдадым.

— **Арзымбетовтер әулетін Балқаш халқы металлургтер династиясы деп атайды екен. Металл балқыту комбинатында неше ұрпақ жұмыс істейді?**

— Жалпы, бүгінде зауытта әулеттің төртінші ұрпағы еңбек етіп жүр. Ал Арзымбетовтер әулетіндегі металлургтердің барлығының еңбек өтілін қосқанда 350 жылды құрайды. Қазір артымызда немере балам Асхат Сағымбаев зауыттың бөлімше басшысы, одан кейін Мадияр келе жатыр. Ол мыс балқыту цехында слесарь жөндеуші болып жұмыс істейді. Соңғы жылдары жүргізілген өндірісті жаңғырту, технологиялық үдерісті жетілдіру жөніндегі жүйелі жұмыс, ұжымға жігерлі жастардың келуі және интеллектуалдық қуаттың өсуі балқаштық металлургтердің болашаққа сеніммен қарауына негіз болды. Металлург — жай ғана жұмысшы емес. Ол — инженер, технолог, зерттеуші әрі физик. Оның шешімі бүкіл өндіріс процесінің сапасына әсер етеді. Құйылған болат сапасыз болса — ол болаттан жасалған құрылыс та, көлік те, құрал да ұзаққа бармайды. Демек, металлургтың жұмысы — ел экономикасының бір тірегі. Өкінішке қарай, металлургтердің еңбегі көбіне көлеңкеде қалады. Біз күнделікті өмірде қолданатын техниканың, тұрмыстық заттардың ар жағында осы маман иелерінің маңдай тері, қажырлы еңбегі жатқанын ұмытып жатамыз. Бірақ металл балқыту — тек дене еңбегі емес, ол — үлкен білім мен тәжірибені қажет ететін сала. Ендеше металлург болу қиын. Қазірдің өзінде әулетте ұрпақ сабақтастығын жалғастырығысы келетін балалар бар. Дегенмен тәжірибелі аға буын ретінде оларға «металлург болыңдар» деп қысым жасаймаймын. Бірінші кезекте өз тандаулары біледі.

— **Металлург болудың қиындығы қандай? Қазір мемлекет тарапынан металлургтерге қандай қолдау көрсетіліп жүр?**

— Мен жұмысқа 1978 жылы алғаш келген кезде қазіргідей сұйық отындағы «Ванюков пештері» емес, басқа тәсіл қолданылатын. Жұмыс өте қиын болды. Шаң-тозаң, улы газ көп болатын. Бір күн жұмыс істегеннен кейін «жұмыстан шығамын» дедім. Бірақ ағам алып қалды. Алты күн жұмыс істеп, бір күн демаламыз. 1985 жылы алғашқы «Ванюков пештерін» қосты. Содан бері жұмыс жеңілдеді. Қазір жастар еңбек етіп жатыр. Оларға үйреттік. Сол 1985 жылғы пештің қосылғаны ерекше есімде қалды. Ал бүгінде комбинатта шаң да, улы газ да жоқ. Пештің барлығы жаңа технологияға негізделіп жасалған. Бұрын пеш отынмен жұмса, қазіргілері оттегі балонымен жұмыс істейді. Қазіргі заманғы Ванюков пештері жылу энергиясын тиімді пайдаланатын жабық жүйе ретінде жасалған. Жылу шығыны азайғандықтан, өндіріс шығыны да төмендейді. Бұл — отын мен электр энергиясына кететін шығынды азайтады. Жаңа үлгідегі пештерде газ тазалау жүйелері жетілдірілген. Шаң-тозаң мен зиянды газдардың атмосфераға таралуы айтарлықтай азайды. Бұл — экологиялық нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етіп, өндіріс орнына теріс қоғамдық реакциялардың алдын алады. Жаңа технология



бойынша жасалған пештердің қаптамасы мен футеровкасы (ішкі қабырғалары) жоғары сапалы, ыстыққа төзімді материалдардан жасалады. Бұл — пештің жұмыс істеу мерзімін ұзартады, жөндеу жұмыстарының жиілігін азайтады. Модернизацияланған пештер металлургиялық процестерді жеделдетіп, шикізатты балқыту уақытын қысқартады. Соның арқасында өнім көлемі артады, өндіріс қуаты еселенеді.

Мемлекет тарапынан металлургия саласына қолдау бар, әсіресе өндірісті дамыту мен инвестиция тарту жағынан. Бірақ жұмысшылардың нақты тұрмыстық жағдайы, еңбек қауіпсіздігі мен әлеуметтік қамтамасыз етілуі секілді мәселелер толық шешілген жоқ. Бұл бағытта нақты еңбек адамын қорғауға бағытталған саясат қушые түссе, саладағы мамандардың жағдайы да жақсарар еді. Мен 7 жылдан бері зейнет демалысындамын. Корпорация қызметкерлерге шипажайға жолдама, сыйақы беріп жатқанын естіп жүрміз.

— **Өндірісте қауіпсіздік техникасын сақтау қаншалықты маңызды?**

— Біз жұмыс істеген кезде қауіпсіздік сақтау үшін тек газтұмылдырық тағатынбыз. Кейінгі кездері әрбір жұмысшы каска, арнайы киім, көзілдірік, қолғап, құлаққап сияқты жеке қорғаныш құралдарын міндетті түрде киіп жүр. Қауіпсіздік техникасынан әр қызметкер жыл сайын емтихан тапсырады. Цехтарда «қауіпті аймақ», «отқа қауіпті», «электр тоғы бар» деген сияқты ескерту белгілеріне назар аудару — қауіптің алдын алуға көмектеседі. Машиналар мен пештерді тексермей қосу — апатқа әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан техникалық тексеріс — күнделікті тәртіпке айналуы қажет. Себебі балқыған металдың температурасы 1 500°С-қа дейін жетеді. Бірсәттік абайсыздық күйікке немесе өлімге апаруы мүмкін.

— **Әріптестеріңізге мерекелік құттықтау айтсаңыз.**

— Металлургтердің қажырлы еңбегі, ыстық пен оттың арасындағы табандылығы — еліміздің өндірісін алға сүйреп келе жатқан алтын арқау. Қиындығы мен жауапкершілігі мол бұл мамандықтың абыроймен атқарып жүрген әр қызметкерге мың алғыс! Еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер! Қызметтеріңіз өсе берсін! Ең бастысы, денсаулықтарыңыз мықты болсын!

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

СЕНАТОРЛАР АЙМАҚТАРДЫ АРАЛАДЫ



Сенаторлар Мемлекет басшысының тапсырмаларын халыққа түсіндіруге орай республика аймақтарына аттанған болатын. Олар жергілікті басшылармен, мәслихат депутаттарымен, мамандармен және тұрғындармен кездесті. Онда әлеуметтік-экономикалық даму, өндірісті жаңғырту, транзиттік әлеуетті дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелері талқыланды.

Сенат Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина мен сенатор Әсем Рахметова Солтүстік Қазақстан облысындағы Айыртау және Ақжар аудандарында болды. Депутаттар инфрақұрылымды дамыту, жұмыспен қамту және ауылдық жердегі өмір сүру жағдайын жақсартуға назар аударды.

Сенаторлар М.Жұмабаев атындағы ауданда болды және тұрғындармен кездесті. Сапар аясында осы аудандағы инфрақұрылымдық және аграрлық жобаларды жүзеге асыру барысымен танысты. Айыртау ауданындағы Саумалкөл ауылында спорт стадионының құрылысын көріп, шұғыл жаңғыртуды қажет ететін көріз құрылысының жай-күйімен танысты. Депутаттар Ақжар ауданында «Көкшетау-Бидайық-РФ шекарасы» республикалық маңызы бар автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмысының барысымен танысты. Ауыл тұрғындарымен кездесу барысында газ жеткізу, сумен жабдықтау, кентішілік жолдардың жай-күйі, сондай-ақ көріз-тазарту құрылысының жұмысы талқыланды. Ольга Перепечина аймаққа сапары барысында Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің түлектеріне диплом тапсыру салтанатты рәсіміне қатысты.

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров пен депутат Айгүл Қапбарова және Мұрат Қадырбек Шымкент қаласында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттерімен және профессор-оқытушылар құрамымен кездесті. Сенаторлар Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру, жүргізіліп жатқан реформалар, сондай-ақ палатаның заң шығару қызметі туралы айтып берді. Айгүл Қапбарова ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың ашықтығы туралы заңнамадағы соңғы өзгерістер туралы айтты. Нұрлан Бекназаров пен Айгүл Қапбарова сапар аясында Шымкент қаласы бойынша Сот сараптамасы институтында болды. Сенаторлар мекеменің қызметімен танысты, қызметкерлердің еңбек жағдайын, кадр саясатын және техникалық жаратандыру мәселелерін талқылады.

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбаймен кездесті. Депутат кездесу барысында Қазақстан Республикасы Президентінің стратегиялық бағытындағы негізгі басымдық – өңірлерді дамыту екенін атап өтті. Депутат «Солтүстік – Оңтүстік» және «ТРАСЕКА» халықаралық көлік дәліздерімен қоса, Каспий теңізіне шығу мәселесін, негізгі транзиттік бағыттарға қол жеткізуге байланысты өңірдің ерекшелігін облыс басшысымен бірге талқылады. Нұртөре Жүсіп Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жанындағы Әлеп жөніндегі комиссияның кезекті отырысына да қатысты.

Сенат депутаттары Әли Бектаев, Мұрат Қадырбек және Алишер Сатвалдиев Түркістан облысына сапары аясында халықпен жүздесті, өндірістік және әлеуметтік бірқатар нысандарды аралады. Олар сондай-ақ жергілікті билік пен бизнес өкілдерімен өзекті мәселелерді талқылады.

Сенаторлар Созақ ауданына сапар барысында уран өндірісімен айналысатын «Қазатомөнеркәсіп-Сауран» кәсіпорнының қызметіне ерекше назар аударылды. Жұмысшылармен және жергілікті тұрғындармен кездесу барысында өндіріс қауіпсіздігі, экология және халықтың денсаулығына әсер ету мәселелері көтерілді. Тұрғындар өндірістік нысандарға жақын орналасқан елді мекендерде, әсіресе балалар арасында аурудың көбейіп бара жатқанына аландаушылық білдірді. Қазығұрт ауданында «Сапа-2002» ЖШС егістігінде болып, аграршылармен өнімділікті арттыру, субсидия және техникамен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Түлкібас ауданында жылына 800 тоннаға дейін өнім өндіретін балық өсіру кәсіпорнының жұмысымен танысты. Сайрам ауданында орналасқан бірқатар кәсіпорындарды да көріп шықты. Сапар соңында облыстық және аудандық мәслихаттар депутаттарының, әкімдіктер өкілдерінің және өңір тұрғындарының қатысуымен кездесу болды.

Сенат депутаты Әлібек Наутиев Атырау облысында Құрманғазы ауданы Азғыр ауылдық округінің

тұрғындарымен кездесті. Ауылда білікті мамандардың жетіспейтіні мен жол проблемасы, электрмен жабдықтау мен ауызсуға қол жеткізу, сондай-ақ білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы қиындықтарға қатысты өтініштер айтылды. Полигон жеріндегі жемшөпке субсидия беру және шөп дайындауға рұқсат алу туралы сөз болды. Ақбөкендердің санын реттеу мәселесі де талқыланды.

Сенатор Махамбет ауданындағы Баксай ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуде мектептің апатты жағдайын, жолдарды аяқтау қажеттігін, сумен жабдықтау және каналдарды тазарту мәселелері талқыланды. Ол Махамбет ауданындағы Талдықөл ауылында салынып жатқан балық зауытында болды. Кездесуде бытырғы су тасқынының салдарына байланысты жобаны іске асыру күрделене түскені атап өтілді. Жылыжайлар бүлінді, балық өңдеуге арналған жабдықтар істен шықты. Талдықөл ауылына кірме жолды жөндеуді ішінара қаржыландыру қосымша проблемаға айналды, бұл да құрылыстың аяқталуын тежеп отыр.

Сенат депутаттары Нурия Ниязова мен Жанна Асанова Алматы қаласындағы Балаларға шұғыл медициналық жәрдем көрсету орталығында болды. Сенаторлар Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген балаларға шұғыл және мамандандырылған көмек көрсететін мекеменің жұмысымен танысты. Басшылықпен және мейірбике қызметкерлерімен кездесу барысында көмектің сапасын мен қолжетімділігін арттыру, пациенттерді



бағыттауды жеделдету, сондай-ақ жабдықтар мен цифрлық шешімдерді жүйелі жаңарту қажеттігі туралы мәселелерді талқылады. Қолданыстағы тарифтердің нақты шығынға, әсіресе күрделі және қымбат бағыттарға сәйкес келмеуіне баса назар аударылды.

Сенат депутаттары Сұлтан Дүйсембинов, Ғалиаскар Сарыбаев және Амангелді Толамисов облыс әкімі Бейбіт Исабаевпен кездесті. Депутаттар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды және жергілікті атқарушы органдардың депутаттық корпуспен өзара іс-қимылын талқылады. Сенаторлар сондай-ақ қалалық көпсалалы ауруханада болып, медициналық көмек көрсету шарттарымен, қызметтерді цифрландыру барысымен және жаңа бөлімшелер ашу жоспарымен танысты. Кербұлақ ауданының Қоғалы ауылындағы бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды аралады.

Қоғалыдағы мәдениет үйінде шараларды өткізу жағдайымен, ғимараттың жай-күйімен және материалдық-техникалық базамен танысты. Талқылау барысында кадрлармен қамтамасыз ету, сахналық және музыкалық жабдықтардың жетіспейтіні, сондай-ақ ауыл тұрғындарының мәдени бағдарламаларға мұқтажлығы туралы мәселелер қозғалды. Ғалиаскар Сарыбаев пен Амангелді Толамисов Жетісу облысының аумағында орналасқан аумақтық қорғаныс бригадасының жеке құрамымен де кездесті.

Сенатор Серік Өтешов Қарағанды облысында өңірді газдандыру мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңеске қатысты. Онда Қарағанды, Теміртау және Шахтинск қалаларында газбен жабдықтау жобасын іске асыру барысына ерекше назар аударылды. Серік Өтешов облыс басқармаларының басшыларымен де кездесті. Онда цифрландыру, денсаулық сақтау, білім беру және инфрақұрылым салаларындағы ұлттық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды. Сенатор мекемеаралық өзара іс-қимылдың маңыздылығына, мерзімдерді сақталуына және бюджет қаржысын тиімді пайдалануға назар аударды.

Сенатор Амангелді Нұғманов Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровпен кездесуде еліміз Президентінің тапсырмаларын іске асыру, аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелерін талқылады. Сондай-ақ инфрақұрылым, кәсіпкерлік, ауыл

рылымдық және өндірістік жобаларды іске асыру барысымен танысып, өңірді дамытудың өзекті мәселелерін жергілікті тұрғындармен бірге талқылады.

Депутаттар Макаров ауылында өткен жылдың соңында «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында іске қосылған жана құс фабрикасында болды. Сенаторлар жергілікті өндірісті дамыту мен саланы тұрақты дамыту барысында өңірдегі ірі құс фабрикаларымен өзара іс-қимылдың маңыздылығын атап өтті. Орал қаласында Жайық өзенінің жағалау учаскелерін аралап, жағалау сызығын нығайту бойынша жұмыстарды көрді. Сенаторлар сапар аясында су тасқыны туралы ерте хабарлау жүйесімен танысып, «Қазушар» РМК филиалының Круглоозерное, Шапово, Көшім, Ақсу, Янайкино және Тоған ауылдық елді мекендеріндегі бөгеттерінің, сорғы стансалары мен нысандардың техникалық жай-күйін тексерді.

Сенат депутаты Ольга Булавкина Өскеменде қала тұрғындарымен кездесіп, оларды толғандыратын мәселелерді талқылады. Онда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері туралы әңгіме өрбіді. Сенатор тұрғындармен кездесу халықты қандай мәселелер толғандыратынын жақсы білуге мүмкіндік беретінін және жедел әрекет етуді талап ететінін атап өтті. Оның айтуынша, көтерілген мәселелердің көпшілігін біркелкі шешуге болады және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыс істеуді қажет етеді.

Сенат депутаты Бауыржан Қаниев Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласының әкімдерімен, облыстық мәслихат депутаттарымен және ардагерлер қоғамдастығының өкілдерімен кездесті. Онда жылыту маусымына дайындық, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, бюджеттің атқарылуы және мемлекеттік қаржыны пайдаланудың тиімділігі күн тәртібіне қойылды.

Депутат коммуналдық қызметтердің күзгі-қысық кезеңге дайындығына, әлеуметтік және инженерлік нысандар құрылысының барысына, сондай-ақ өңірде орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларға ерекше назар аударды. Ол жұмыстың сапасын және мерзімдердің сақталуын, әсіресе әлеуметтік маңызы бар нысандарға қатысты мұқият бақылау орнату қажеттігін атап өтті.

Сенат депутаты Талғат Жүнісов Ақмола облысындағы Бурабай және Бұланды аудандарында болып, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру барысымен танысты. Ол сондай-ақ әкімдіктердің, мердігерлік ұйымдардың өкілдерімен және жергілікті тұрғындармен кездесті.

Сенатор Кенесары және Қатаркөл ауылдарында болған кезде тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған мәдени орталықтар құрылысының барысымен танысты. Шучинск қаласында орман шаруашылығы, экология және туризм колледжінде болып, мекеме басшылығымен маман даярлау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және оқу жағдайына қатысты мәселелерді талқылады.

БАҒДАР

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

ЕҢБЕК АДАМЫ –
БАСТЫ НАЗАРДА

Металлургия күні қарсаңында «AMANAT» партиясы металлургия саласындағы кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен салтанатты кездесулер өткізуде. Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы аясында ұйымдастырылған іс-шаралар Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарында өтті.

Кәсіби мерекеге орай партия мүшелері түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырды. Атап айтқанда, мерекелік концерттер, спорттық жарыстар, дөңгелек үстелдер мен марапаттау рәсімдері өтті.

Қарағандыдағы кездесу партияның облыстық филиалында өтті. Аймақтағы ірі өндіріс орындарының қызметкерлерімен қатар шағын кәсіпорындар жұмысшылары да кәсіби мерекеге орай арнайы шақырылды. Қатысушыларға алғысхаттар мен ақшалай сертификаттар табысталды. Сала дамуына ұзақ жылдар бойы үлес қосқан тәжірибелі мамандарға ерекше құрмет көрсетілді.

Сонымен қатар кездесу барысында еңбек қауіпсіздігі, зейнетақымен қамтамасыз ету, жас мамандарды қолдау, өндірістегі жағдайды жақсарту және тұрғын үй бағдарламалары сияқты маңызды мәселелер талқыланды.

Жиында «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков металлургия – Қарағандының ғана емес, тұтас ел экономикасының тірегі екенін атап өтті.

«Мұндай күрделі де жауапты салада еңбек ететін әр маман құрмет пен қолдауға лайық. «AMANAT» партиясы жұмысшы-

лардың қауіпсіздігі мен жалақы мәселесінен бастап, зиянды өндіріс орындарында еңбек ететін азаматтардың мерзімінен бұрын зейнетке шығуына қатысты заңнамалық бастамаларды тұрақты назарда қолдап келеді», – деді ол.

Сондай-ақ сала ардагері, өңірлік металлургия кәсіподағының төрағасы Вадим Басин бұл мерекенің металлургия үшін ерекше мәнге ие екенін атап өтті. Ол партия қолдауы сөз жүзінде емес, нақты істер арқылы жүзеге асып жатқанын айтты.

«Бұл күн – біз үшін жай мереке емес. Бұл – біздің күрделі әрі жауапты еңбегімізге көрсетілген құрмет. Біз үшін «AMANAT» партиясының нақты істермен қолдау көрсетуі – аса бағалы. Еңбек жағдайын жақсарту, кәсіптік аурулардың алдын алу мен емдеу жүйесін дамыту және әлеуметтік құқықтарды қорғау бағытындағы бастамалар орталық және жергілікті деңгейде қолдау тауып отыр», – деді Вадим Басин.

Айта кету керек, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Қарағандыда Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіптік денсаулық институтының жұмысы қайта жанданды. Сонымен қатар партияның бастамасымен мерзімінен

бұрын зейнетке шығу туралы заң қабылданды. Соңғы бір жарым жылда бұл мүмкіндіктің арқасында 15,5 мыңнан астам адам, оның ішінде Қарағанды облысында 2,5 мыңнан астам азамат мерзімінен бұрын зейнетке шықты. Бұл – еңбек адамын әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қорғауға арналған нақты шаралар.

Павлодар облысында салтанатты іс-шара «Қазақстан алюминий» АҚ өндірістік алаңында өтті. Бұл күні саланың үздік қызметкерлері партия басшылығы атынан марапатталып, алғысхаттарға ие болды.

Партияның облыстық филиалы жетекшісінің міндетін атқарушы Айгүл Мұхамедиярова металлургия саласының маңыздылығын ескеріп, өндіріс ошақтарындағы жұмысшыларды қолдау әрдайым мемлекет назарында болатынын жеткізді.

«Металлургия кәсіби біліктілігі мен табанды еңбегі еліміздің өндірістік әлеуетін нығайтуға айтарлықтай үлес қосып отыр. Еңбек адамын қолдау – партия қызметінің негізгі басымдықтарының бірі. Металлургияға құрмет көрсету – олардың ел өндірісіне қосқан нақты үлесін бағалаудың жарқын көрінісі», – деді ол.

Ал Қостанай облысы Рудный қаласында Жұмысшы мамандықтары жылына орай өткен «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ-ның Жазғы спартакиадасы өз мәресіне жетті.

Бір айға созылған жарысқа Еуразиялық топтың 600-ден астам қызметкері қатысып, тоғыз спорт түрі бойынша 168 жүлде жиынтығын сарапқа салды. Бағдарламада мини-футбол, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, жүзу, кросс, функционалдык фитнес



және жеңіл атлетикалық ұшайсы секілді спорт түрлері болды.

Қатысушылардың басым бөлігі – «AMANAT» партиясының белсенді мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен қалалық мәслихат депутаттары. Олардың бұл іс-шараға қатысуы – партия өміріне белсене араласып, ұжымның ынтымағын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау жолындағы нақты әрекет.

Спартакиада негізгі ұйымдастырушыларының бірі – «Көлік кешені» АҚ бастауыш партия ұйымының төрағасы Александр Лунев жарыстың бас төрешісі болды.

«Біздің ұжым үшін бұл спартакиада – маңызды дәстүрге айналған. Іс-шара барлық қызметкердің бір мүдде жолында бірігуіне ықпал етеді. «AMANAT» партиясы қызметкерлерді дамыту, ұжымды нығайту және корпоративтік мәдениетті ілгерілетуге бағытталған бастамаларды үнемі қолдап келеді. Бастауыш партия ұйымдары мен депутаттардың бұл іс-шараға қатысуы – елмен етене болу, ортақ іске атсалысу және жақсы үрдіске

жол ашу секілді партия ұстанымының нақты көрінісі», – деді ол.

Жарыстың бас кубогын Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігінің басқармасы мен шағын цехтар командасы жеңіп алды. Ерекше көзге түскен спортшылар жеке марапаттарға ие болды. Олардың көпшілігі тек жұмыста ғана емес, қоғам мен партия өмірінде де белсенділік танытып жүрген азаматтар.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының саяси бағытын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Партия бастамасымен қолға алынған «Жұмысшы жастар аманаты» жобасы аясында өңірлерде жастарға баспана беру, кәсіби білімін арттыру, қызметтік өсуін қолдау сияқты кешенді шаралар қолға алынған. Сонымен қатар жеңілдетілген ипотека, тәлімгерлік және кәсіби бағдар сияқты өңірлік бағдарламалар да жүзеге асырылуда.

«AMANAT» партиясы өндіріс саласындағы мамандарға қолдау көрсету ісін жүйелі түрде жалғастырады. Олардың күнделікті еңбегі – ел экономикасын дамыту мен өнеркәсіптік әлеуетті нығайтудың басты қозғаушы күші.



Қазақстанда балабақшаға деген сұраныс жылдан жылға артып келеді. Бұл, бір жағынан, халық санының өсуімен, екінші жағынан ата-аналардың балаларын ерте жастан сапалы біліммен қамтамасыз етуге ұмтылысымен байланысты. Дегенмен елімізде мектепке дейінгі ұйымдардың жетіспеушілігі мен ондағы тәрбие сапасына қатысты түйткілдер әлі күнге дейін шешімін таппай келеді. Осы өзекті мәселелер «AMANAT» партиясы жанындағы білім беру мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысында қаралды.

Отырысқа Кеңес төрағасы – Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова, Мәжіліс депутаттары Қайрат Балабиев, Гүлдар Нұрымова, Екатерина Смолякова, Ирина Смирнова, Кенжеғұл Сейітжан, Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдебекова, министрліктің Мектепке дейінгі білім беру департаментінің

директоры Манара Адамова қатысты. Сонымен қатар онлайн форматта облыс әкімдерінің орынбасарлары мен өңірлік білім басқармаларының басшылары қосылды.

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова отырыс басында сөз алып, балабақша саласындағы басты мәсе-

БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ
ҚАУІПСІЗ ОРТАДАН БАСТАЛАДЫ

ле – тек орын тапшылығы емес, сонымен қатар балалар үшін қауіпсіз әрі дамытушы орта қалыптастыру екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мектепке дейінгі білімнің қолжетімділігін арттырып, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасауды бірнеше рет тапсырған болатын. Бұл – бәріміздің ортақ міндетіміз. «AMANAT» партиясының 2023–2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында осы саладағы нақты шаралар қарастырылған. Бүгінде елімізде балабақша жетіспеушілігімен қатар, тәрбиешілердің кәсіби дайындығы мен балаларға жасалатын қауіпсіз орта мәселесі өткір тұр», – деді ол.

Жиын барысында Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдебекова қазіргі ахуалға жан-жақты тоқталып өтті. Оның айтуынша, бүгінде ел аумағында 11,8 мың мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Оның ішінде 5 456-сы – мемлекеттік, 6 400-і – жекеменшік. Онда 1,4 миллионнан астам бала

тәрбиеленіп жатыр. Ал мектептер мен лицейлер жанындағы мектепалды даярлық топтарында 165 мың бала оқуда. Жалпы, 2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту деңгейі 92,2%-ды құрайды. Алайда бұл көрсеткіш жоспарланған 95%-дан төмен.

«Тек үш өңір ғана жоспарды толық орындаған. Олар – Жетісу (97,7%), Маңғыстау (94,2%) және Атырау облыстары (87,5%). Ал кейбір өңірлерде қамту көрсеткіші айтарлықтай төмен. Мысалы, Шымкент қаласында бұл көрсеткіш – 84,2%, Алматыда – 87%, Астанада – 88,4%. Ең төмен қамтылған өңірлердің қатарында Қызылорда (84,3%), Батыс Қазақстан (88%) және Абай облыстары (90,9%) да бар», – деді ол.

Министрліктің деректеріне сүйенсек, 2023 жылы 613 жаңа балабақша ашылған. Оның ішінде тек 15-і ғана мемлекеттік, қалған 598-і – жекеменшік. Бұл 66 879 жаңа орынмен толық қанымен, 9 өңір өз міндеттемесін орындай алмауына байланысты жоспар 100% орындалмады.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан бекітілген 2023–2027 жылдарға арналған Қадамдық жоспар бар. Бірақ оны іске асыруда нақты бақылау мен үйлестіру жетіспей отыр.

«Өкінішке қарай, тәрбиешілер тарапынан бүлдіршіндерге қол көтеру фактілері азаймай отыр. Әсіресе, әлеуметтік желілерде тараған бейнероликтерде мұндай әрекеттерге тәрбиешілердің көмекшілері жиі баратыны байқалады. Бұл санаттағы қызметкерлер педагог емес, олар арнайы даярлықтан өтпеген. Сондықтан біз бірінші кезекте олар үшін қысқартылған мерзімді оқыту курстарын ұйымдастырып, ай сайынғы нұсқаулық жұмыстарын күшейтуді ұсынып отырмыз», – Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім департаментінің директоры Манара Адамова.

Жиын соңында кеңес мүшелері мектепке дейінгі білім беру саласындағы түйткілдерді шешу бойынша бірқатар ұсыныстар әзірледі. Хаттама негізінде ұсыныстар тиісті мемлекеттік органдарға жолданатын болады.

Ломбардтар саны азайып келеді. Мұны ресми статистика куәландырады: 3 жыл ішінде осы нарықтағы компаниялар саны 548-ден 480-ге дейін кеміген. Алайда бұл динамика басқа жайттан хабар береді: шынында сала іріленіп, «шортандар» «шабақтарын» жұтып қойып жатыр. Компаниялар санының азаюы содан. Ал нарықты жайлаған алпауыттар өз брендмен жұмыс істейтін желілерін қаптатып ашуды жалғастырды. Сарапшылар бұл сала әлі де көлеңкеде қалып тұрғанын, тәртіп пен реттеуді күшейту талап етілетінін ескертеді.

АТАУЫ – ҚАСТЕРЛІ, ҚАРЕКЕТІ – ҚАТАЛ

Әлеуметтік желіде тараған әзілдің бірі: «кез келген сөзді алсаңыз, ол ломбардтың атауы болып шығады». Осы қаржы ұйымдарының ресми тізіміне үнілсеңіз, қазақ үшін қастерлі сөздердің неше атасын табасыз: Сәлем Ломбард, Жер Ломбард, Асар Ломбард, Көмек Ломбард, Ру Ломбард, Хан Ломбард, Береке-Финанс Ломбард, Ел – Дана Ломбард деп кете береді. Әрқайсысының атауы халыққа барынша жақын, етене, «өзіміздікі» екенін көрсетуді мақсат етеді.

Айтпақшы, ломбардтар тіркелмей-ақ жұмыс істей береді. Солай жасады екен деп, бұл ұйымдарға күш құрылымдарының жасағы сау ете қалмайтын көрінеді. Сонда қандай жаза бар? Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында «Микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың (МКҚЖ)» әкімшілік жауапкершілігін күшейту бойынша бірқатар шаралар қабылданғанын жариялады.

Себебі 2025 жылғы 10 қаңтарда қабылданған «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы тиісті түзетулерін ала келіпті. Оған сәйкес, егер ұйым ломбард ашқаны туралы агенттікке мүлдем хабарламаса немесе уақтылы хабарламаса, ол үшін 20 АЕК-тен 40 АЕК-ке (осы жылы 157 280 теңгеге) дейінгі мөлшерде айыппұл төлеуіне тура келмек. Болды. Мұндай жазаны ломбардтар шыбын шаққан құрлы көрмесі даусыз. Қажет болса, бұдан он есе көп соманы әп-сәтте санап берер еді. Тек заңсыз қызметін жалғастыруға кедергі келтірмесе болғаны...

Жалпы, сонау 2020 жылғы қаңтардан бері Мәдина Әбілқасымова тапжылмай, табан аудармай басқарып келе жатқан Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ломбардтарға көп назар аудара бермейтіні байқалады. Ведомство биржалар, банк секторы, микроқаржы ұйымдары, сақтандыру нарығы, жинақтаушы зейнетақы жүйесі, кредиттік рейтинг агенттіктері мен инвестициялық қорлардың қызметін реттеуден бас көтере алмай жатқандай.

Бұл байламның дәлелі – агенттік ломбардтардың ағымдағы жай-



Әсел БАЛТАКЫЗЫ (қолжазба)

ЖҰРТ

ЛОМБАРДҚА

ЖӨҢКІЛДІ...

күйі туралы жыл басынан бері бірде-бір рет жеке есеп-баяндама әзірлемеген, агенттіктің ресми сайтынан ол табылмады. Есесіне жауапты басқа салаларға арналған бөлек-бөлек есептер қаптап тұр және ай сайын дерлік шығарылады.

Тіпті, 2025 жылғы 25 маусымда жарияланған «Терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін ұлттық бағалау» есебінде өзге барлық қаржы ұйымы ескерілгенде, аққұла ломбардтар тыс қалыпты. Сонда агенттік шенеуніктері лаңкестердің ломбард өрісіне аяқ баспасына, оны сұмдық істеріне пайдаланбасына жүз пайыз сенімді болғаны ма?

КЛИЕНТІ КҮЛІП КІРІП, ЖЫЛАП ШЫҒАДЫ

Қазақстанда ломбардқа жүгінетін адам өте көп, олардың жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетуі осыны дәлелдейді. «Ломбардтан алған қарыз банк не МКҚ-дан несие немесе ипотека алуға кедергі болмайды», – деп хабарлады қаржы нарығын реттеу агенттігі. Сондай-ақ шектен тыс борышқа батқандықтан банктер мен МКҚ-лар несие бермей қойған адамдар ломбардқа жүгіреді. Олардың тұйыққа тірелген аянышты жағдайын бұл ұйымдар жақсы біледі және жан-жақты пайдаланады.

– Барлық алтын әшекейімді ломбардқа (атауын атады) салуыма тура келді. 2 миллионнан асатын қарыз алдым. Күні кешеге дейін проценттерін тегіс төлеп тұрдым, бір күн де жіберген жоқпын (ломбардтар күн сайын төлеуді талап етеді). Желтоқсанда ломбард жа-

туралы шешім және қарызды өтеу туралы анықтама сияқты құжаттар қарыздың тоқтатылғанын растайды, – деді қаржылық реттеуші.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ақпаратынша, 2025 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша (одан өзекті мәліметті ведомство әлі күнге жарияламады) Қазақстанда 908 микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым болса, соның басым көпшілігі – 480-і ломбард. Микроқаржы ұйымдарының (МКҚ) саны – 213, кредиттік серіктестіктердің саны – 215.

2023 жылы елде ломбардтар саны 548 болса, 2024 жылы – 521-ге, 2025 жылы – 480-ге дейін азайды. Соған қарамастан, олардың қазынасы екі жылда екі еседей өскен: 2023 жылғы 252 миллиард теңгеге дейін артты. Тек биылғы жыл басынан бері ломбардтардың табысы 13,2% ұлғайыпты. Бұл сандар Қазақстанда ломбардтардың қарқынды жабылып жатқанын емес, тек компаниялардың бір-біріне қосылып, іріленіп, саланың олигополиялана бастағанын білдірсе керек.

Күні бүгінге дейін бұл ұйымдардан қарапайым халық 2 триллион 558 миллиард теңге қарыз алған. Ломбардтардың активінің 71,3%-ын микронесие құрайды. Яғни, халық үстінен пайда тауып, күн көріп отыр. Ломбардтардың жиынтықты төл капиталы 268 млрд теңгені құрайды немесе жалпы активтегі үлесі 24,7% ғана.

ТӘРТІПТІ ЖҰРТ ЖЕҢІЛДІККЕ СЕП

Берешек батпағына батқан бұқара қолындағы асылын ломбардқа амалсыз тапсырады және көбісі оны кейін қайтарып алуға күш салады. Сондықтан одан алған шағын несиеінің төлемін уақытылы төлеп тұрады. Агенттіктің мәліметі бойынша, сала ұйымдарының портфелінде төлем енгізудің тоқтатылғанына 90 күннен асып кеткен микрокредиттер үлесі 2025 жылғы 1 сәуірде небәрі 3,5% болды.

– Микроқаржылық қызмет туралы заңға сәйкес, микроқаржы нарығы 3 сегменттен тұрады, бұлар – кредиттік серіктестіктер, ломбардтар және микроқаржы ұйымдары. Мұнда нарықтағы субъектілерінің саны көп болғанына қарамастан, ломбардтардың кредиттік тәуекелі деңгейі төмен және бұларда қаражаттың қайтарымдылығы жоғары деңгейде. Проблемалы микрокредиттерінің деңгейі де шамалы: ломбардтар қызметінің ерекшелігіне, атап айтқанда, тек кепілзатпен қамтамасыз етілген микрокредиттер берілуіне байланысты қайтарылмайтын несие жалпы портфелінің 3,5%-ын ғана құрайды, – деп түсіндірді қаржылық реттеуші.

Агенттік дерегінше, ломбардтардың қызметі – жеке меншігіндегі кез келген мүлікті кепілге алу арқылы азаматтарға жеке тұтыну үшін 8 000 АЕК-ке (2025 жылы – 31

млн 456 мың теңгеге) дейінгі мөлшерде қысқамерзімді микрокредиттер беру. Сонымен қатар ломбардтар клиенттері тапсырған, құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды есепке алуды, сақтауды және сатуды жүзеге асырады.

Тәуекелі аз әрі клиенттері де тәртіпті дегенді алға тартып, шенеуніктер алда ломбардтарға тағы да жеңілдік жасауы мүмкін. Осы орайда қаржы нарығын реттеу агенттігі «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының жобасын әзірледі.

– Атап айтқанда, ломбардтардың, кредиттік серіктестіктердің және МКҚ-ның қызметін заңнамалық деңгейде санаттау-категоризациялау жүзеге асырылатын болады. Мұнда олардың бүгінде іс жүзінде, нақты қалыптасқан бизнес-модель басшылыққа алынады. Оларға қатысты реттеушілік талаптар, рұқсат етілген операциялардың тізбесі мен мөлшері кешенді түрде қайта қаралады, – деп хабарлады агенттік.

Оның түсініктемесіне сәйкес, қазір микроқаржылық қызмет туралы заңнамада МКҚ, КС және ломбардтардың жүзеге асыруына рұқсат етілген операциялардың бірыңғай тізбесі ғана көзделген. Соның салдарынан, агенттік сарапшыларының пайымдауынша, қолданыстағы реттеу тетіктері МКҚ, КС және ломбардтар қызметінің ара-жігін ажыратуды қарастырмайды. Осы нарық сегменттерінің ерекшелігін, олардың бизнес-модельін, қызметтерінің экономикалық мәнін, қаржылық тәуекелдерінің әртүрлілігін ескермейтін агенттіккі қапаландырады. Ол мұны «кәте» санап, түзетуге белсенді.

Әбілқасымованың ведомствосы өз мойнынан біраз жүктемені алып тастап, жүгін жеңілдетуге де ниетті. Бұл үшін жаңа заң жобасы аясында жекелеген бақылау-қадағалау функцияларын нарық ойыншыларының өзі құрған «өзін-өзі реттеу ұйымдарына» (ӨРО) тапсыратын болады.

«Жекелеген бақылау-қадағалау функцияларын ӨРО-ға беру арқылы нарықтың даму деңгейін және сандық құрамын ескере отырып, реттеуші органы реформалау. Өзін-өзі реттеу институтын енгізу есебінен нарықтың ашықтығын және микроқаржыландыру нарығы мен коллекторлық қызметтер нарығы субъектілері қызметінің стандарттарын арттыру», – делінген жаңа заң жобасының реттеушілік құжаттарына.

Сондықтан ведомство ломбардтардың қызметін лицензиялау тәртібін өзгертуді жоспарлап отыр. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жаңа заңмен бірге ломбардтарға қатысты жаңашылдықтар келесі 2026 жылы қолданысқа енгізіледі деп жоспарлап қойды. Бірақ ол үшін Әбілқасымованың командасы Парламенттің келісімі мен толық құптауына қол жеткізуі қажет.

Бәлкім, заң жобасын талқылау барысында қалаулылар ломбардтардың шашауын көтермей, жеңілдету орнына олардың жауапкершілігін күшейтер, шектен шықса, табанына тас қоятын тегеурінді тетіктерді енгізер? Онсыз жұртшылық әрі қарай да ломбардтарға жем болып, қарыз шынырауына терең құлай береді.

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБИ

АҚТӨБЕДЕ ФЕРРОХРОМ ӨНДІРУДЕН ӘЛЕМДІК РЕКОРД ТІРКЕЛДІ



Отандық металлургия саласында тарихи жетістік. ERG құрамындағы «Қазхром» трансұлттық компаниясына қарасты Ақтөбе ферроқорытпа зауыты бір ғана пештен бір технологиялық циклда 150 тоннадан астам феррохром өндірді. Рекорд World book of records (WBR) ұйымында ресми түрде тіркелді және тәуелсіз сарапшылардың бақылауымен бекітілді. Қазақстандық металлургия осылайша отандық өндірістің әлеуеті шексіз екенін дәлелдеді.

Рекордты тіркеу барысында Ақтөбе ферроқорытпа зауытының №43 пешінде бір технологиялық циклда 177 тонна жоғары көміртектері феррохром өндірілді. №4 цехтың пештері – өз санатындағы әлемдегі ең қуатты пештердің бірі. Зауыт мамандарының жүзеге асырған бірегей техникалық шешімдерінің арқасында жабдық бүгінде жобалық көрсеткіштерден жоғары күшпен жұмыс істейді. Егер орташа алғанда бір осындай пеш шығарылымда 50-60 тонна ферроқорытпа берсе, қазіргі жағ-

дайда айтарлықтай үлкен көлем жинақталды. Бұл әлемдік рекорд ретінде бекітілген теңдессіз нәтижеге негіз болды.

Рекорд орнатуға арналған салтанатты рәсімге Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров қатысты. Ол зауыт ұжымын жетістікпен құттықтап, бұл рекорд қазақстандық мамандардың жоғары біліктілігінің және өңір мен еліміздің зор индустриялық әлеуетінің айқын дәлелі екенін атап өтті.

«Бүгін біз тарихи оқиғаның куәсі болдық. Ақтөбе ферроқо-

рытпа зауыты өнім өндіру көлемі бойынша әлемдік рекорд орнатты. Алғаш рет № 43 пешінде бір технологиялық цикл барысында 150 тоннадан астам жоғары көміртектері феррохром өндірілді. Бұл тамаша жетістікпен зауыт ұжымын шын жүректен құттықтаймын. Бұл – нағыз еңбек адамдарына тән кәсібиліктің, табандылықтың, бірліктің және рухтың жарқын үлгісі. Зауыт жұмысшылары ыстықта да, суықта да күні-түні аянбай еңбек етіп, өндіріс көлемін әлемдік деңгейге жеткізді. Кәсіпорын отандық өнеркәсіптің халықаралық стандарттарға сай ғана емес, сонымен қатар сол стандарттарды қалыптастыра алатын қабілеті бар екенін дәлелдеді. Бұл рекорд – тек зауыт пен Ақтөбе өңірінің жеңісі ғана емес, бүкіл қазақстандық өнеркәсіптің әлеуетінің айқын дәлелі», – деді облыс әкімі зауыт ұжымын құттықтай отырып.

Оның айтуынша, бүгінгі оқиғаның маңыздылығын арттыра түсетін жайт – Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес, биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануы. Ұлттық құрылтай отырысында Президент қоғамда адал азамат, яғни әділ, жауапты әрі еңбеккер азамат бейнесін қалыптастырудың маңызын ерекше атап өтті. Асхат Шахаровтың айтуынша, осындай жетістіктер еңбек адамының – күн сайының еңбегімен ел экономикасының қуатын қалыптастырып отырған жанның – қоғамдағы құрметін арттыруға септігін тигізеді. Бұл – нақты сектор мен мамандардың жанкешті еңбегі

Қазақстанның орнықты дамуының сенімді тірегіне айналғанының белгісі.

Рекордты тіркеу тәуелсіз сарапшылардың бақылауымен, World book of records (WBR) өкілдерінің, метрологиялық қызметтің және техникалық комиссияның қатысуымен өтті. Металл шығарылымынан оның салқындауына, өлшеуіне және құжатталуына дейінгі әрбір кезең қатаң түрде бекітілді және сертификатталған өлшеу құралдарымен расталды.

– Бұл рекорд – нағыз технологиялық жеңіс! Бұл – жаһандық сын-қатерлерге қарамастан, ERG өз көшбасшылығын, тұрақтылығын және осы әлеуетін көрсетіп отырғанының жарқын белгісі, – деді ERG S.a.r.l. Директорлар кеңесінің төрағасы, бас атқарушы директор Шухрат Ибрагимов. – Бұл жетістіктің артында тек металл, сандар мен жабдық қана тұрған жоқ, ең алдымен, бұл – біздің адамдар! Қазхром металлургиясының кәсібилігі, жанкештілігі мен өз ісіне деген сенімі мүмкін емес дүниені мүмкін етті. Еңбек адамдарының жылы аясында бұл рекорд – елдің экономикалық қуатын күн сайын қалыптастырып жүрген жандарға деген құрметтің символы.

– Біз ауыр өнеркәсіп саласында рекордтар жиі тіркемейміз – бүгінгі жетістік сонысымен ерекше. Бұл оқиға бір кәсіпорынның шеңберінен шығып, Қазақстанның технологиялық беделіне және түгел өнеркәсіп саласының әлеуетін мойындау, – деді Азия мен Африка елдері бойынша

WORLD BOOK OF RECORDS басшысы Қуандық Құдайбергенов.

Марапаттау рәсімі металлургия күніне арналған мерекелік іс-шаралардың бірінде өтті. Рекордты тіркеуді растайтын құжатты қабылдай отырып, «Қазхром» ТҰК АҚ бас директоры Сергей Прокопьев зауыт командасының үлкен жұмысын атап өтті:

– Бұл – батыл инженерлік шешімдер мен шынайы командалық жұмыстың нәтижесі. Қазхромның 30 жылдығы мен Қазақстандағы «Жұмысшы мамандықтар жылында» осынау жаңалық ел өнеркәсібінің әлемдік деңгейде болуы мүмкін және міндетті екенін білдіреді. Ақтөбе зауытының командасымен мақтанамын – сіздер тек максималды көлемді өндіріп қана қойған жоқсыздар, сіздер тарихты жасадыңыздар, – деді Сергей Прокопьев.

– Әр шығарылымымыз – командалық жұмыс пен жоғары жауапкершілік. Бірақ осы күні шын мәнінде үлкен нәрсе істеп жатқанымызды түсіндік. Бұл рекорд – барлық ауысым үшін, зауыт үшін, – деп атап өтті №43 рекордтық пештің бригадирі Геннадий Кухарь.

Рекорд орнату Қазақстандағы Жұмысшы мамандықтар жылы мен «Қазхром» ТҰК АҚ 30 жылдығына орайластырылған.

2024 жылы Қазхром 2023 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемін 14%-ке арттырып, 1,85 миллион тоннадан астам ферроқорытпа өндіріп, компания тарихындағы ең жоғары көрсеткішке жеткендігін еске салып өтейік.

ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯСЫ – ЭКОНОМИКА ТІРЕГІ

Еліміздің өнеркәсіп саласындағы мұнай-газдан кейінгі екінші ірі жүйе құраушы сала Тау-кен металлургия кешені. Қоғамдық саясат институтының деректеріне сүйенсек, ішкі жалпы өнімдегі бұл сектордың үлесі 8 пайызға жетеді, ал онда еліміздің 300 мыңнан астам азаматы еңбек етеді. Соңғы алты жылда өндіріс көлемі екі есе өсіп, 14,4 трлн теңгеге жеткен. Бұл – жалпы өнеркәсіп көлемінің 28 пайызына тең.

Металлургия саласы бойынша Қазақстан әлемде хром өңдеуде – 2-орында, алтын өндіруде – 6-орында, мырыш пен мыс бойынша – 11-орында тұр. Бұл – тек сан емес, сапаға бағытталған үдемелі өсімнің көрінісі.

«Сала өндірісінің басым бөлігі Қарағанды (21%), Шығыс Қазақстан (17%) және Павлодар (13%) облыстарына тиесілі. Соңғы алты жылда табыс көлемі екі еселенді, себебі жоғары қосылған құны бар өнім үлесі артты. Қазір металлургия өңдеуші өнеркәсіп ішіндегі ең табысты салаға айналды. Бұл өсім бюджетке түсетін салық көлемінен де айқын кө-

рінеді. 2024 жылы металлургия саласы 1,2 трлн теңге салық төлеп, өңдеуші сектор ішінен көш бастады. Бұл ел бюджетіндегі барлық түсімнің 9,8 пайызына тең», – дейді Қоғамдық саясат институтының сарапшылары.

Сондай-ақ инвестициялар көлемі де артып келеді. Алты жылда негізгі капиталға құйылған қаражат үш есе өсіп, бұл саладағы технологиялық жаңару мен заманауи өндіріс процестерінің енгізіліп жатқанын аңғартады.

Металлургия – экспортты алға сүйреп келе жатқан жетекші салалардың бірі. Өңдеуші өнеркәсіп экспортының жартысынан



көбі осы саланың еншісінде. Бұл шамамен 16,9 млрд АҚШ долларына тең. Қазақстан өнімінің негізгі тұтынушылары – Қытай, Ресей, Түркия, Өзбекстан және Жапония.

«Соңғы жылдары өнім ассортименті де кеңейіп келеді. Орта және жоғары деңгейде өңделген өнім түрлері айтарлықтай артты. Соңғы алты жылда орташа өң-

делген өнім түрлері 32 атауға көбейіп, жоғары өңделген өнім бір түрге толықты. Бұл – тек көлем емес, сапаға, терең өңдеуге бет бұрған экономиканың белгісі. 2018–2024 жылдар аралығында салалық 83 жоба іске қосылып, 1,5 трлн теңгеден астам инвест-

тиция тартылды. Нәтижесінде, 15,5 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Ал 2029 жылға дейін жалпы құны 6,8 трлн теңгеге жуықтайтын 96 жоба жүзеге аспақ. Бұл тағы 25 мың адамды тұрақты жұмыспен қамтиды деген сөз», – дейді институт мамандары.

Саланы ынталандыру мақсатында жаңа Салық кодексінде жер қойнауын барлау кезінде сәтсіз шыққан шығындарды есептен шығару құқығы кеңейтілді. Сонымен қатар тау-кен өндірісінің қалдықтарынан пайдалы қазбаларды өндіруге төмендетілген салық мөлшерлемелері енгізілді. Мұндай қалдықтардың жалпы көлемі елімізде 55 млрд тоннаға жетеді – олардың ішінде құнды минералдар мен сирек кездесетін металдар бар. Шикізатты қайта өңдеуге қатысты ҚКС бойынша салықтық жеңілдіктер де қарастырылған.

Бетті дайындаған Кәмила ЕРКІНҚЫЗЫ

ЗЕРДЕ

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



«Осыдан ондаған жыл бұрын әртүрлі қызмет түрін қатар атқаратын роботтарды фантастикалық фильмдерден ғана көретінбіз. Қазір осының бәрі күнделікті өмір-салтымызға еніп кеткендей». Жасы алпыстың алқымынан асқан алматылық тұрғын Гүлмира ханым осылай дейді. Иә, мұндай робот түрлері мен инновациялық жобаларды енді мектеп оқушылары мен студенттер де өздігінен құрас-тыра алады. Бұл қазіргі замандағы инновация, цифрландыру және техникалық дамудың негізі саналатын STEM саласының жетістігі.

STEM — теориямен шектелмейтін ауқымды сала. Бұл бағыт практикалық әдістер арқылы баланы зерттеуге, шешім табуға үйретеді. Қазірдің өзінде Қазақстанда біршама жас ғалымдар мен университет, колледж студенттері, мектеп оқушылары инновациялық жобаларды сәтті жүзеге асырып жүр. Заманауи бағытқа ерекше ден қойған білім ордаларының бірі — Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі. Бүгінде мектеп оқушылары робототехника, IT, жасанды интеллект бағытында біршама жобаларды іске қосып үлгерген. Оның бірі әлеуметтік мәселелерді шешуге арналса, енді бірі экология, медицина саласындағы түйткілдерді алдын алуға бағытталған.

ДОМБЫРАНЫ ОНАЛТУ ҚҰРАЛЫНА АЙНАЛДЫРҒАН
Физика-математика бағытындағы НЗМ оқушылары инсульттан зардап шеккендерге ұсақ моториканы дамыта отырып, оналтудың үшінші сатысында көмек көрсетуге арналған «Өркен» атты мобильді қосымша ойлап тапқан. Қосымшаның басты функциясы — пайдаланушыларға ұлттық аспабымыз домбырада күй тартуды үйрету. Бұл процесс жасанды интеллект негізіндегі Аида есімді көмекшінің нұсқаулығымен жүреді. Жасанды зерде аудиоанализ арқылы кате-

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШҚАН

ліктерді анықтап, қолданушыға кері байланыс береді. Жоба авторларының айтуынша, қосымша негізінен егде жастағы адамдарға арналған. Себебі статистикаға сүйенсек, инсульт көбіне ересек жастағы азаматтарда жиі кездеседі. — «Өркен» жобасын жүзеге асыру идеясы ойымызға бірден келген жоқ. Біз ұзақ уақыт бойы концепцияны ойластырдық, нәтижесінде, басқа да қосымша идеялар арасынан осы жобаны қолға аламыз деп шештік. Бастапқыда өзге жобаларға сүйене отырып, музыканы реабилитация құралы ретінде ұсындым. Дәл сол кезеңде топтың тағы бір мүшесі Камиланың атасы инсульттен кейін оналтуға мұқтаж болды. Осыдан кейін біз жеке бақылау мен музы-



Бүгінде мектеп оқушылары робототехника, IT, жасанды интеллект бағытында біршама жобаларды іске қосып үлгерген. Оның бірі әлеуметтік мәселелерді шешуге арналса, енді бірі экология, медицина саласындағы түйткілдерді алдын алуға бағытталған.

калық терапия идеясын біріктіреміз деп шештік. Жобаны қолға алмас бұрын команда реабилитациялық орталықтардың кеңесіне жүгінді. Осылайша, «Өркен» концепциясы шынайы қажеттіліктен туған жобаға айналды, — деді топ мүшесі Анастасия Цой.

Saqtu командасы жобаны әзірлеу барысында Алматыдағы Saqtu оналту орталығымен бірлесе жұмыс жүргізген. Ең алғашқы тестілік кезеңде инсульттан кейінгі 13 пациент қосымшаны сынап көріп, нәтижесінде, оң пікір білдіріпті. Топ мүшелерінің негізгі құ-

ЖОБА

рал ретінде домбыраны таңдауы да бекер емес. «Жетіген немесе сазсырнай сияқты ұлттық аспаптармен салыстырғанда, домбыра үйренуге анағұрлым жеңіл» дейді мектеп оқушылары.

— Домбыра — Қазақстандағы ең танымал әрі кең таралған музыкалық аспап. Ол әр үйде кездеседі, сонымен қатар белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары мен үйірмелерде қолжетімді. Домбыра — екі ішекті

аспап, сондықтан оны меңгеру де оңай. Әсіресе, инсульттан кейінгі оналту кезеңіндегі адамдар үшін. Қазір біз қосымшаны Паркинсон ауруы сияқты басқа да неврологиялық ауруларға бейімдеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Басты мақсатымыз — оналту процесін қолжетімді әрі пациенттердің мәдени және физикалық қажеттіліктері үшін тиімді ету. Келешекте жасанды интеллектің көмекші функцияларын жетілдіруді, жаңа күй топтамаларын қосуды, виртуалды марапаттар жүйесін енгізуді, қолданушылар үшін бір-бірін

қолдап, тәжірибе алмаса алатын қауымдастық құруды жоспарлап отырмыз, — деді А.Цой.

СЫРТҚЫ КЛИМАТТЫҚ ӘСЕРГЕ ТӨЗІМДІ САЛҚЫНДАТУ ЖҮЙЕСІ

STEM саласындағы тағы бір ерекше ғылыми жобалардың бірі — күн панельдерінің салқындату жүйесі. Қазір күн панельдерінің жұмыс температурасының жоғарылауы ғылымда өзекті мәселеге айналған. Аптап ыстықта температураның өсуі күн панельдерінің тиімділігін төмендетеді. Техника ғылымдарының магистрі, Ph.D. докторы, Satbayev University қауымдастырылған профессоры Сәулеш Минажова: «Күн сәулесі артқан сайын электр энергиясын өндіру көлемі де артады деп ойлағанымызбен, шын мәнінде, керісінше жағдай орын алады», — деді. Салқындату жүйесі, ең алдымен, шатырларға орнатылатын фотоэлектрлік қондырғыларға арналған. Сәулеш Минажованың сөзінше, жүйе негізінен Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне бағытталған. Себебін автордың өзінен сұрап көрдік.

Алайда электр көліктерін қуаттау инфрақұрылымына деген сұраныстың артуына байланысты, болашақта мұндай нысандардың күн электр стансаларымен интеграциялануы ықтимал. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған салқындату жүйесі жаңа нарық сегменттерінде де өзектілігін сақтап, қолдану аясын кеңейтуі мүмкін, — деп сөзін түйіндеді С.Минажова.

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША НАУҚАСҚА АНАЛИЗ НӘТИЖЕЛЕРІН ТҮСІНДІРЕДІ

Кейде денсаулығы сыр берген азаматтар емделуді кейінге шегеріп, түрлі себепті алға тартады. Бірі емделу құнының қымбат екенін айтса, енді бірі уақыты жок екенін сылтау етеді. Көп жағдайда науқас анализ қорытындыларын түсінбей, ақпараттың көптігінен шатасып жатады. Бұл өз кезегінде уақытында алдын алуға болатын аурудың асқинуына алып келеді. Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары ойлап тапқан «Тамыр» атты қосымша бұл мәселені алдын алуға көмектеседі.

«Тамыр» — нутрициологтардың алгоритміне негізделген, жасанды интеллект арқылы анализ нәтижелерін түсіндіретін мобильді қосымша. Ол адам ағзасында қандай өзгеріс болып жатқанын қарапайым тілмен түсіндіреді. Тамақтану мен профилактика арқылы ағзадағы тепе-теңдікті қалпына келтіру жолдарын ұсынады.

— Біз деректердің көрнекілігіне ерекше назар аудардық. Әр көрсеткіштің қай шекте тұрғанын визуалды түрде түсіну үшін инфографика мен дизайнға ерекше мән бердік. Қосымшада түсініктеме мен көрсеткіштің не үшін жоғарылауы немесе төмендеуі мүмкін екені туралы мәлімет көрсетілген. Медицинаны жақсы түсінбейтін адам да өз талдауларының мағынасын оңай ұға алады. Бұл тәсіл интегративті медицинаны барлық адамға қолжетімді етеді, — деді топ мүшесі Жасмин Әбділді.

Автор қазір Тамуг мобильді қосымшасы белсенді әзірлену процесінде екенін айтады. Осыған дейін топ мүшелері қосымшаны әзірлемес бұрын биохимия, нутрициология және маркетинг саласындағы сарапшылармен кеңесіп, алгоритмдердің нақтылығын және интерфейсін қолдануға ыңғайлылығын тексеріп көрген.

— Қосымшаның ерекшелігі — геймификация жүйесі: Тамуг түлкі-маскоты арқылы пайдаланушының «бейнелі» денсаулық жағдайын көрсетеді. Егер ұсыныстар орындалса түлкі көңілді, орындалмаса мұнайып тұрады. Бұл жүйе адамның күнделікті денсаулығына мән беру үшін мотивация ретінде ықпал етеді. Тамуг дәрігерлерді алмастыру үшін емес, керісінше, олардың жұмысын толықтырып, алдын алу бағытын күшейту үшін жасалған. Біз адамдардың дәрігерге тек ауырғанда емес, алғашқы белгілер пайда болғанда-ақ жүгінетін мәдениетті қалыптастырғымыз келеді, — деді жоба авторы.

Қосымшаның ең бір ерекше тұсы да сол, мұнда артық шығын, күрделі медициналық термин жоқ. Пайдаланушылар талдау нәтижелерін жүктеу арқылы ағзадағы ақауларды анықтап, денсаулық жағдайын инфографика түрінде көре алады.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ЖӘДІГЕР

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



Аманжол Сәлімовты ел «Амантай» атап кеткен. Жұртшылыққа жанкешті жәдігер жинаушы, мұра сақтаушы ретінде танылған азамат – қазір Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық тарихи-өлкетану музейінің жетекшісі. Ақжайық ауданы Базартөбе ауылдық округінде әкім болып тұрған кезде үйін музейге айналдырып жібергені ел есінде. Аманжол Сәлімов бір кездері Жаңақала ауылдық округіндегі музейдің басшысы болды. Соңғы үш жылда Теректі ауданындағы музейге жетекшілік етеді. Аманжол ағайдың негізгі мамандығы – зоотехник. Бірақ бұл тарихты түгендеуге еш кедергі келтірген емес.

Жанат Қайырғожина,
Батыс Қазақстан облысы

Теректі ауданындағы музей мұрағатының сексен пайызын Аманжол ағай өз қолымен жинаған. Ағайдың көне жәдігерлерге деген әуестігі бала кезден басталған. «Жайық бойындағы құм арасынан табылған ескі қорымнан патша заманындағы сөлкебайлар жиі кездесетін, жас кезде қадірін білмей сұрағандарға беріп жібердік», – дейді ол.

– Жайық жағасында Князь деген қала болған, он тоғызыншы ғасырда, мен Тайпактың Калмыков мектебінде оқыған кезде сол жерден тиындар, түрлі құмыралар шығатын құм астынан, балалықпен басында тек тиын жинайтын едік. Бала кезімізде су қайтып, жағалау ашылған кезде барып жинайтынбыз, кейін ол жерден таза күміс шәйнекті де таптым. Ол жерден мылтық, қылыштың сынығын да таптым. Кейін музей ашамыз деген мектептерге таратып бердім. Бірақ олардың сақталмайтынын түсіндім, сондықтан да бұл жәдігерлерге өзім ие болуым керек деп музей ашуды көздедім. Оқу бітіріп, ауылға барып зоотехник болып жұмыс істедім ғой. Ауылдағы ескі қорымдар, орындар бәрін аралай беретін едім. Бүгінгі күні сол жерлерге барсаңыз, көшелердің орындары сақталған. Кейін өзім музей ашамын деп күнттағалы базарға көп баратын болдым, себебі базардағы орыс әжелер көп дүниені шығарып сатып отырады. Бірақ өне бойы сатып ала беретін ақша бола бермейді, сондықтан еңбек демалысымда сол ескі қорымдарды аралап кетемін. Бұл менің хоббиім сияқты ғой, – дейді өз сөзінде жәдігерші Аманжол Сәлімов.

Ол Жаңақала ауданында қызметте болған кезінде сол өлкенің құм-тасын шарлап, жәдігер іздеген. Тіпті, жергілікті халықтан көне

ҰЛТТЫҢ ЖОҒЫН ЖОҚТАҒАН АЗАМАТ

жәдігерлерді сатып алып, қор жинақтаған. Соңғы тиынын да көне жәдігерге беруге әзір тұратын Аманжол ағай қарақан бастың қамы үшін емес, ел тарихына жаны ашығандықтан осылай жасайтынын айтады. Талай жыл жинаған жәдігерлерінің тең бөлігін Алматыдағы республикалық музейге тегін сыйлап жіберген. Оның жинаған жәдігерлерінің бір парасы Ақжайық ауданындағы аудандық музейде тұр. Теректі музейінде тұрған көздің жауын алатын жез, күміс тектес металдардан жасалған ыдыстар, асылтасты сақиналар мен тас моншақтар көз тартады.



Аманжол Сәлімов ертеректе адамдар түрлі әшекейлерді жасаудың технологиясын білген деп есептейді.

– Бұрын әйнектерді балқытып, әйнек моншақтар істеудің технологиясын білген сол заманның өзінде. Мен басында осыны тауып алғанда бұл столбалардың басындағы ток өткізбес үшін қойылатын

шыны деп ойлады. Кейін археологтарға көрсеткенімде, «бұл сол заманда моншақтар жасау үшін қолданылған әйнек қой» деді. Кейін дәл осы әйнек түстес моншақтар тауып алдым. Қазір музейде тұр, – дейді кейіпкеріміз.

Теректі аудандық музейіндегі жәдігерлер көздің жауын алады. Әсіресе, ыдыстар мен әйелдердің әшекейі ел назарын бірден аудартады. Бұл жердегі жәдігерлердің

қай-қайсысы да құнды. Қару-жарақ, ыдыс-аяқтар өткен ғасырдан сыр шертеді. Бұл жерде орта ғасырға тиесілі қанжар да бар. Ол қанылтырмен қапталып, күміспен әрленген. Оны Аманжол ағайға Теректі ауданының тұрғыны сыйға тартты. Ал мына қыш құмыралар Сарайшық қаласы маңынан табылған.

– Мына қыш құман, құмыра, құмыраның сынықтары кезінде Жайық бойындағы Сарайшық қаласынан табылды. Қазір ол жерді қоршап қойды, бұрын ол жер сумен ағып жататын еді. Сол кезде адамның сүйектері, құмыралар, ыдыстар сумен бірге ағып жағаға шығып жататын еді. Негізі, ол жерде әлі де өте көп жәдігер бар. Тек қазір ол жерді қазуға рұқсат жоқ, мемлекет қорғауына алды ғой, – дейді Аманжол Сәлімов.

Жаңақала ауданындағы музейге басшылық еткен жылдары ол ауыл ақсақалдарынан сұрап, құм кезіп жүріп сармат дәуіріне жататын жәдігерлерді тапқан. Қыш құмыралардың бірнешеуін әкелген. «Мұндай заттардың көбі құм көшкенде шығады», – дейді Аманжол ағай.

– Осы құмыраларды Жаңақаладан таптым. Адамдардың сүйек-

аспан астындағы музей жасағысы келеді. Бірақ оған қаражат жағы қолбайлау болып тұр. Жылқы жерленген қорымдардан табылған дүниелерді де сол ашық аспан астындағы мұражайға қоюды армандайды кейіпкеріміз.

– Жылқылар жерленген жерлер де бар. Сондай қорымдар біздің БҚО-да бірнеше рет кездесті. Біреуі Подстепное ауылы жанындағы қорымнан табылды. Ал енді бірі осы Теректі ауданы жанынан табылды. Олар көбіне қазба жұмыстары кезінде анықталып жатады. Ал Тасқала ауданынан табылған жылқы жерленген қорымдар Ботай заманынан да бұрын жерленген қорымдар болуы мүмкін, – дейді.

Жаңақала ауданы маңынан табылған ат құралдары мен бөлшектері түгел сақталмаған. Алғаш тапқан жандар ат жабынына тағылған күміс әшекейлерді жұлып алған. Өкінішке қарай, құнды жәдігерлерді жұмалап, талап кететіндер де бар. Ал Аманжол ағай болса, Қаратай әулетінен қалған сандықты әлі музейге жеткізе алмай жүрмін деп қынжылады.

– Бір сандық бар, өзгеше, үлкен. Үлкен кілттері бар. Бірде маған Марат деген кісі хабарласып, «менде Қаратай сұлтаннан келе жатқан сандық бар сізге беремін» деді. Ол сандықты шешесі қалдырыпты. Ал оның шешесінің аты – Софья Қаратаева. Олар кезінде Алматыда тұрыпты. Сол Алматыдан Оралға көшкенде сандықты тастамай алып келіпті. Кезінде Шахзода Шонанова деген Аронның қызы осы сандықты пайдаланған екен. Шахзода Шонанова өзі репрессияға ұшырап кеткен. Бұл сандық сол заманнан бері сақталып келеді, – дейді Аманжол ағай.

Теректі аудандық музейінде күмістен жасалған мөрдін түр-түрі бар. Өкінішке қарай, мөрдегі жазуларды оқу мүмкін емес. Себебі көбісі арабша жазылған, ал кейбірінің жазуы кетіп жатыр.

Теректі аудандық тарихи-өлкетану музейінің жертөлесі сталиндік репрессия кезеңіне арналған. Ол жерде НКВД басшысының архив бөлмесі, тергеу бөлмесі, тұтқындарды арнайы орналастыратын барак та бар. Одан бөлек, тұтқындарды азаптауға арналған орын да жасақталған. Сол кездің жәдігерлерінің жасалған бөлме өте ауыр, еңсені еседі. Бірақ ол шындық, ол – біздің тарихымыз.

Біздің кейіпкеріміздің тарихқа деген құлшынысы сонша, осы жертөле қабырғасындағы тастарды түрме кірпішіндей қылып өз қолымен салған. Сол Сталин заманындағыдай етіп бояп, өз қолынан жасаған. Бұл жерді дайындаған кезде тарихи фактілерге көп назар аударған көрінеді. Төменге түссеніз, құлды қазір сізден жауап алардай суық бөлмеге тап боласыз. Репрессия құрбандарының сол кездегі хал жайын жеткізу үшін біздің кейіпкеріміз қолдан келгенді жасаған. Қабырғаға Алаш арыстарының азаптаудан кейінгі суреттері ілінген.


Аманжол Сәлімов – өз ісін сүйетін жан. Өте еңбекқор. Ол барлық жәдігерді жатқа біледі. Өзі табады, өзі түгендейді. Ол – ұлт мәдениетін түгендеуші азамат. Қазір де кезекті мұражайға арналған экспонаттарын тазалап, қағып-сілкіп отыр. Біз ұлт мәдениетіне үлес қосып жүрген ағамыздың жұмысына сәттілік тіледік.



ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБИ

ҚОШТАСУДЫҢ ҚИЫНЫ-АЙ...



Қазақ поэзиясы тағы да қара жамылды. Бұл жолы келместің кемесіне Қазақстанның Халық жазушысы, танымал драматург әрі дарынды сазгер Исраил Сапарбай мініп кетті. Ол махаббатты, сағынышты, табиғатты сыр ғып жырлаған нәзік жүректің иесі еді. Оның әр өлеңі көктемгі жауын сияқты: тамшысы – жылы, сезімі – тұнық, үні – мөлдір. Оның жырлары ән болып шырқалды. «Жұлдызым», «Сағындым сені», «Егіз лебіз», «Қоштасудың қиыны-ай» сияқты туындылары халық жүрегінен орын тапты. Ендеше Исраил Сапарбайдың қалдырған мұрасы ешқашан өлмейді. Көктем келген сайын, махаббатқа бөленгенде, даланы сағынғанда – біз оның жырларын айтып, ақынды еске аламыз...

КАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫНЫҢ
«КӨКТЕМ ЖЫРШЫСЫ»

Шілденің шілді күнінде таң қаралы хабармен атты. Халық қазақ поэзиясының «көктем жыршысы», «махаббат жыршысы» деп атақ берген Исраил Сапарбай бұл дүниемен қоштасыпты. Кез келген оқырман ақын жайлы ойлағанда ең әуелі көз алдына сұлулық пен махаббат келеді. Себебі Исраил аға өмір бойы қаламын қолынан тастамаған. Жалпы өнердің бірнеше түріне түрен салған азамат Исраил Сапарбайдың өмірдегі негізгі миссиясы ақындық болса да, ол драматургияда, сында, аудармада да қалам тербеді. Ал сазгерлігі бір бөлек әңгіме. Қазіргі қазақ эстрадасын Исраил Сапарбайдың әндерінсіз елестету мүмкін емес. Исраил ағаның бір басына Құдай сан қырлы өнерді үйіп төккен және сол өнерімен халқына қалтқысыз қызмет еткен бірегей тұлға. Ол кісінің шығармаларын дүйім қазақ біледі. Әдебиетке келген, болмаса әдебиетті оқитын кез келген қазақ Исраилдың поэзиясын сүйіп оқиды. Ал ақындықты енді бастаған жас Исраил поэзиясын аттап өте алмайды. Таңертеңнен бері әлеуметтік желі арқылы қаралы хабарды естіген қазақ даласы күңіреніп жатыр. Ағамыз 85 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Жалпы, биыл қазақ әдебиеті үшін оңай болып тұрған жоқ. Алыптарымыз бірінен соң бірі кетіп жатыр. Қазақ әдебиетінің қара нары Исраил ағамыз да Алланың құзырына өтті. Имань саламат болсын дейміз. Алла алдына да, артында қалған дүниесіне де жар болсын деп тілейміз!

Мен Исраил Сапарбайды «көке» деп атайтынмын. Біз де өмірдің бел ортасына келіп, елуді еңсеріппіз. «Көке» деп көпті айта бермеймін. Өмірімде осылай атайтын санаулы адам бар. «Көке» деген сөз өте ыстық. Адам жанымен жақын, рухымен жақын адамды өзі ойламаған жерден солай атап кетеді екен. Аманхан Әлім, Темірхан Медетбекті де «көке» дейтінмін. Қазақ өзі сүйсінген адамға, жанымен риза болған адамына «әулие» дейді ғой. Шынында да, Исраил Сапарбай «әулие» еді. Ала бөтен мінезі жоқ еді. Ағаға іні бола білетін, ініге аға бола алатын. Шығармашылығы қандай нәзік, поэзиясы қандай сұлу болса, сағыныш пен ынтызарлыққа, махаббатқа толып тұрса жан дүниесі де сондай еді. Исраил көктемдің үйіндегі Жұпар апамыз дүниеден өткенін естігеннен кейін Қаскеленге көңіл айтып бардык. Сол кезде қарттыққа жол беріп, шаршап та қалған еді. Сонда да бізді көріп балаша қуанып, жанына медеу тұтты. Ер азамат жары кеткеннен кейін жағдайы болмай, жаны құлазиды ғой. Жанында жақындары болса да, бәрібір жарының орнын баса алмайды. Жұпар апамыздың қазасы ақынға ауыр тиді. Бейіттің басына барғанда: «Қадірінді білмеген шығармын, қателескен жерім көп шығар. Елдің адамы болып үйді ұмытқан кезім болған шығар» деп жүрекжарды сөзін айтып еді. Енді, міне аяулы жарының артынан ағамыз да кетті. Шын мәнінде, Исраил Сапарбай жаны да, жүрегі де мейірімге толы тұлға еді. Әдебиет әлемінде топтасып, әлдебір нәрселерді ұйымдастыратын жағдайлар да бар. Бірақ Исраил ағамыз осының бәрінен ада еді. Біреумен жең ұшымен жалғасып, біреуді сүріндіріп, енді біреуге қиянат жасау сынды ой Исраил ағада ешқашан болмаған. Өмірде де, әдебиетте де жеке жүріп, әдебиеттегі өз парызын атқарып кетті. Бір адамның ғұмырындағы беретін дүниенің барлығын берді. Ақынның артындағы мұра – енді ұлттың, болашақтың еншісінде.

Әлібек ШЕГЕБАЙ,
ақын, «Серпер» сыйлығының лауреаты

Исраил Сапарбай – Екінші дүниежүзілік соғыстың басталған кезінде дүниеге келген ұрпақ өкілі. Әкесінен екі жасында ерте айырылады. Қиын-қыстау заманда төрт баланы анасы бағып-қағып, қатарға қосады. «Екі жарым жасымда сал болып қалған мені анам өзі емдеп алған екен. Жығылғанға жұдырық дегендей, бес-алтыға шыққанда асық ойнап жүріп екі аяғымды шокқа күйдіріп алыппын. Онда да анам бәйек боп жүріп ем-домын жасайды. Қатты күйіп кеткендіктен, аяғым қатты зақымданды. Балалардың келемежіне шыдамай, намысшылдығымнан түнде ай жарығында жаттығып жүріп, түзу жүруге машықтандым. Әйтпегенде, мүгедек болып қалуым шбден мүмкін еді. Есейе келе ағам Исмайыл Шымкенттегі Педагогикалық институтты тәмамдап, менің де жоғары білімге жолым түсті. Ал ақындығым ана сүтімен дарыған десем артық айтпаспын», – деп жазушы сәби күнін еске алыпты.

Ақын тағдырдың талай тауқыметін көріп, соның бәрін жүрегімен көтере жүріп, жырымен биікке жетті. Жокшылық оның рухын жасыта алмады, қайта ширықтырды. Алғаш бір топ өлеңдері 1975 жылы «Көктем тынысы» ұжымдық жинағында жарық көрді. Республикалық «Жалын» бәйгесінің жүлдегері. 70-ке тарта он мен 150-ге тарта өн мәтінінің авторы. Сонымен қатар «Ауылдан келген ару», «Әмір-Темір», «Абай-Тоғжан», «Сыған серенадасы», «Махаббат мейрамы» сынды пьесасы театр сахнасында қойылып жүр. Түркі поэзиясы халықаралық фестивалінің, Қазақстан Жазушылар одағының І.Жансүгіров атындағы сыйлығының, Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты.

ОҚЫРМАН АҚЫНЫНАН,
АҚЫН ОҚЫРМАНЫНАН
АДАСҚАН ЖОҚ

Қазақтың тамаша лирик ақыны Исраил Сапарбай да өмірден озды. Исраил Сапарбай қазақ өлеңіне өзіндік өрнегімен, өзіндік табиғатымен, болмысымен келген ақын. Біраз жыл ел жақта жүріп қалды. Содан әдеби ортаға да сәл кеш келсе де, поэзияда да, драматургияда да өнімді еңбек етті. Өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. Өте сыршыл, лирик, сазгерлігі де, драматургиясы да бар ақын. Мәселен, Исраил Сапарбайдың сөзіне жазылған сазгер Сүгірәлі Сапаралиевтің «Жұлдызым» әні өткен ғасырдың 70-80-жылдары халық арасында кеңінен таралды. Жастардың көңілінен берік орын алған «Жұлдызым» жиын-тойларда да, үлкен

сахналарда да кеңінен шырқалды. Бұл жыр ел арасында халық өніне айналып кетті.

Біздің буын Исраил Сапарбайға қарап өстік. Ақынның 60 жылдығында, 70 жылдығында театр сыншысы Әшірбек Сығай екеуіміз сонау Жетісайға, ағайындарына, еліне барып, жеңгемізбен, балаларымен бірге араладық. Өмірде де тұнық, өзін сергек ұстаған қалпында бұл дүниемен қоштасты. Біз Алматыға 80-жылдардың аяғында келдік. Сол кезде Исраил Сапарбай қалыптасқан ақын еді. Өлеңдерін жастар жатқа оқитын. Бірақ сол қарапайым қалпымен бізге «аға» болып, үнемі қолдап, қорғап, қасымызда жүрді. Исраил Сапарбай қазақ өлеңінің көшегі Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаевтардан кейінгі өзіндік биігі бар, өзіндік жолы бар ақын деп ойлаймын. Ақынның поэзия әлемінде қалыптастырған мектебі де бар. Өлеңді бар жан дүниесімен сезінетін нәзік ақын. Қазақтың көркем сөзінің алдындағы жауапкершіліктің соңғы күніне дейін сезініп өтті. Жастықтың, махаббаттың, сағыныштың сырын адам бойына жеткізе алған сыршыл ақын. Баяғы «Аққу арман» деген кітаптарынан бастап, кейінгі шыққан жыр жинақтарына дейін тамсана оқыдық. Оқырман ақынынан, ақын оқырманынан адасқан жоқ. Исраил Сапарбай өз биігінде, өз тұғырында өмірден өтіп бара жатыр...

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

ӨЗІНЕ ЛАЙЫҚТЫ
МАРАПАТЫН
АЛА АЛМАЙ КЕТТІ

Қазақ әдебиеті шын мәнінде алып бәйтерегінен, асқар тауынан, арқа сүйер абзал ағасынан көз жазып қалды. Бұл қаза барлығымыздың жүрегімізге салмақ түсірді. Өз басым Исраил ағамен 70-жылдардан бері таныспын. Ол кезде мен қойшының баласымын. Ауылда жүріп радиодан қазақтың әдемі әндерін тыңдап өстік. Ол кезде әннің авторы кім екеніне мән бермейміз.

«Жүзіңе күлкі үйірген,

Арайлы кірпігіңмен.

Бір ұшқын шашып өттің,

Сөйттің де, ғашық еттің», – деген

«Жұлдызым» әнін сүйіп тыңдадық. Бертін келе бұл әннің сөзін Исраил Сапарбай жазғанын білдік. Ендеше мен өз басым қаршадайымнан қара танымай тұрып, Исраил ағамыздың рухани болмысымен

танысқан екенмін. Тағдыр деген қызық қой. Алматыға келген кезде мені алғаш ақын ретінде қабылдаған жанның бірі Исраил аға екен. Ол кісімен талай рет дәмдес болдық. Сыйлас болып, бірге жүрдік. Исраил аға «Қазақ әдебиетінің» поэзия бөлімінде жұмыс істеді. Сол кезде алдына талай рет еркелеп баратын едік. 90-жылдары қиын, алмағайып заман болды ғой. Қоғам қайда бара жатқанын білмейтін. Сол кезде мен ғана емес, күллі қазақ жастары ашы суға үйір болды. 1993 жылы «Жас қазақ» газетіне Исраил ағамыз «Хат жаздым қалам алып Маралтайға» деп басталатын бір бет өлең жазды. Маған деген, қоғамға деген, әдеби ортаға деген зарын, наласын, запыранын осы өлеңі арқылы үйіп-төкті. Мен сол кезде осы өлеңдер топтамасын салауатты түрде қабылдай алмадым. Жеке басыма қарата қабылдаппын. Кейін ойлансам, Исраил аға «Маралтай» деген типтік образ алып, күллі қазақтың жастарына қарата айтқан жана-шырлық ескертуі, базаны-назы екенін түсіндім. Бертін келе ағамыздың әңгімесін тыңдап, жанында талай рет сапарлас болып жүрдік. Бұл кісі алдындағы бурыл шашты Әбу Сәрсенбаев, Әбілді Тәжібаевтармен бірге жүргенін, көзімен көргенін, сұхбаттасқандарын бізге айтып отыратын. Исраил аға әңгімешілі еді. Композиторлығы да бір бөлек жан еді. «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деп қазақ қыздарының гимнін жазып кетті. Бұл әнді естіген жанның есіне Исраил Сапарбайдың есімі қатар түседі. Ақынның драматургиясындағы соқталы, қабырғалы дүниелері республикалық театрларда осы күнге дейін қойылып келе жатыр. Аудармашылығы да ғажап еді. Есениннен аударған өлеңдеріне тәнті боламын. Себебі Сергей Есениннің өлеңдерін қазақ поэзиясына жаттық, қабыстырып, әдемі сабақтастырып аударған. Бұл шығармалардан орыс халқының болмысын, ділін, бояуын аңғарып тұрасыз. Исраил – қазақ әдебиетіне бір кісідей еңбек сіңірген үлкен тұлға. Әрине, өкінішсіз нәрсе жоқ. Ақын өзіне лайықты кейбір марапат, атықтарын ала алмай кетті. Мемлекеттік сыйлыққа бірнеше рет қатысты, бірақ сәті түспеді. Әдебиеттің өлшемі сыйлықтармен өлшенбейтінін жақсы білеміз. Десе де, Исраил ағамыз қазақ әдебиетінде өзінің орнын, өзінің болмысын айқындап кеткен бақытты қаламгер. Қаза соншалықты ауыр, бірақ көңілімізге артында қалған мұрасы жұбаныш.

Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ,
ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері

ПАРАСАТ

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

ҒЫЛЫМДЫ ҒҰМЫРЫНА
АРҚАУ ЕТКЕН

Ұлт тарихында таңбасын қалдырған, ұрпақ санасында ізі өшпейтін дара тұлғалар болады. Олар өз заманының тынысын дөп басып, білім мен парасаттың биігінен көрініп, халқына адал қызмет етеді. Солардың бірі – саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған, ғылым мен білімнің шамшырағы болған, ғалым-ұстаз, ұлт зиялысы, профессор Бекберген Байдоллаұлы Байдуллаев. Ол – тек білім мен ғылымда ғана емес, мінезі мен мұраты арқылы да биікке көтерілген тұлға. Туған еліне, өскен ортасына адалдығымен, терең ойы мен кемел болмысымен танылған азаматтың өмір жолына үңілген сайын біз тек ғалымды емес, тұтас бір дәуірдің бейнесін көреміз. Оның қайраткерлік жолын тану – ұрпаққа тағылым, елге өсиет.



Оның өмір жолы – бір ғана адамның тағдыры емес, тұтас дәуірдің шежіресі. Ғылымға деген махаббаты, адал еңбегі мен биік парасаты ұрпаққа өнеге, елге үлгі. Ол – ойы жүйрік, сөзі салмақты, білімі терең, тұлғалық болмысы дара жан еді.

Бекберген Байдоллаұлы 1935 жылы ақпан айында Маңғыстаудың қасиетті топырағында – Шетпедө дүние есігін ашты. Тарихи тамыры терең Қаратаудың етегінде қоныстанған қожағұл руының отбасында дүниеге келген ол, елге қадірлі, білім мен еңбекті ту еткен шаңырақтың түлегі болатын. Атасы Бөлек молда – Бескала мен Хиуаның медреселерінде он жылдан аса білім алып, елге оралған соң ағайын-туыс балаларына сауат ашқан ұстаз еді. Ауылға алғашқылардың бірі болып егін егіп, бақ өсірген, тіршілікке жаңаша тыныс берген ағартушы тұлға.

Әкесі Байдолла да халыққа сыйлы, егіншілікпен айналысқан, ағайынға камкор, алдыңғы буынның ардақтысы еді. Бірақ қуғын-сүргіннің сұрапыл толқыны бұл шаңырақты да айналдырды – «ескінің өкілі» деген жаламен Байдолла Бөлекұлы 1938 жылы тұтқындалып, жер аударылды. Анасы көп ұзамай көз жұмады. Бес жастағы Бекберген тағдырдың тауқыметін ерте сезінгендіктен болар, бала күнінен-ақ асыл мұратқа ұмтылды.

Апасы Болған Масатованың тәрбиесінде өскен ол Сартас ауылындағы жетіжылдық мектепті үздік аяқтап, соғыстан кейін Түркістанда еңбек еткен ағаларының камқорлығымен білім жолын жалғастырады. 1954 жылы Түркістан қаласындағы В.Ленин атындағы мектепті алтын медальмен аяқтап, сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне қабылданады.

Ол кездерді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, экономика ғылымдарының докторы, академик Өтеғали Шеденов өз естеліктерінде былай деп еске алады:

«Соғыстан кейінгі қазақ жастарының, соның ішінде Бекен екеуміздің де өмір жолдарымыз ұқсас – қиын да қызықты болды. Біздер қиындыққа мойымай оқып-даму арқылы өмірдің сансаласында өз болмысымызды

таныта білдік. Біз Қазақстанның батысындағы шалғай ауылдарда туып-өстік. Ұстаздарымыздың сенімін ақтап, ең алғашқылардың қатарында ғылым жолын тандадық. Сол бір сәттен бастап өмір бізді әрдайым қатар алып жүрді. 1954-1959 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық университет) экономика факультетінде бірге білім алдық. Бізге дәріс берген ұстаздар – өз кезеңіндегі ғылым классиктері, ірі академиктер: Ф.Жерябатов, С.Бәйішев, М.Розманов, Т.Шаукенбаев, И.Лукьянц, И.Бровер, С.Нейштад, И.Гильман, А.Гороховатский, Т.Төлебаев, И.Ким, Я.Аубакиров, М.Бутин, С.Толыбеков, Т.Костенко, С.Гольденгерш, Д.Айстарханов, Е.Шәріпов тағы басқа».

Ғалымның курстастары мен жора-жолдастарының өзі – тұтас экономикалық мектептің негізін қалаған ұлы есімдер: К.Акаев, К.Бердалиев, А.Нысанбаев, Б.Ибраев, К.Сағадиев, Ө.Шеденов, А.Масакбаев, А.Тоғайбаев, Н.Мамыров, К.Нәрібаев, А.Қисықбаев, Н.Алпамысова, С.Сатыбалдин, С.Каженбаев және басқа да танымал қайраткерлер. Олармен бірге Бекберген Байдоллаұлы да ғылымның, мемлекеттің және қоғамның іргетасын бекіткен тұлғалар қатарына енді.

Осылайша, «Өмірдің мәні – өз күшіңе сеніп, жарқын болашаққа ұмтылуда» деген ұстанымды берік ұстанған жас жігіт білім жолындағы әр белесті табандылықпен өткерді. Университетті тәмамдаған соң Қарағандыға жолдамамен барып, Совнархоз құрылымында аға инженер-экономист қызметінен еңбек жолын бастайды. Бірақ жүрек қалауы – ұстаздық пен ғылым еді. Сол себепті 1960 жылы Қарағанды политехникалық институтына оқытушылыққа ауысады. Білімін тереңдету мақсатында Свердловск (қазіргі Екатеринбург) қаласындағы А.Горький атындағы Урал мемлекеттік университетінде аспирантурада оқиды. Елге оралып, Қарағанды политехникалық институтында аға оқытушы қызметін жалғастырып, білім мен ғылымның сара жолында еңбек етеді.

1972-1978 жылдар аралығында Бекберген Байдоллаұлы Қазақстан Коммунистік партиясының Қара-

ғанды облыстық комитетінде абыройлы қызмет атқарды. Ол экономикалық теория мен саясат саласындағы жауапты маман, білікті ректор ретінде терең білімін халыққа қызмет етуге арнады. Аталған қызметінен кейін ол білім ордасына қайта оралып, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Экономика және материалдық-техникалық жабдықтау кафедрасына аға оқытушы болып ауысты. Бұл шешім – ғылымға адалдықтың, ұстаздыққа деген берік сенімнің көрінісі еді.



1982 жылдың мамыр айында Бекен ұзақ жылғы еңбегінің нәтижесін тағы бір мәрте дәлелдеді – Киевтегі Сауда-экономикалық институтында «08.00.01 – Ясины экономия» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын табысты қорғап, ғылым биігіне бір қадам ілгері басты. Бұл – оның қажырлы еңбегінің, білімге деген адалдығы мен табандылығының занды жемісі болатын.

Әр жылдары белгілі экономист-ғалым ретінде Қарағанды политехникалық институтының Балқаш қаласындағы филиалын ашуға атсалысты. Сондай-ақ ол Қазақстан тұтыну одағы Қарағанды экономикалық университетінде аймақ бойынша 2000 жылы бірінші рет ашылған «Кеден ісі» кафедрасына білгір маман ретінде меңгерушілікке арнайы шақырылды. Аз уақытта профессор Б.Байдуллаев кеден мамандарын даярлайтын кафедраның «аз да болса, көтерер жүгі нармен тең» ұжымын құрып, аяққа тұрғызды. Кафедра меңгерушісі ретінде Қарағанды облыстық Кеден басқармасымен тығыз байланыс орнатып, студенттердің оқу-өнді-

рістік тәжірибесін ұзақмерзімді келісімшартқа сәйкес аталған ұйымның сан салалы бөлімінде өткізеді. Үш жылдың ішінде кеденші мамандығы бойынша білім алатын студенттердің саны 400-ден асты.

Профессор, г.ғ.к. Руза Рахымжанова жаңа мамандық ашу үшін осы саланы жақсы білетін, тәжірибелі адам қажет болғанын еске алады.

«Университет басшылары өмірдегі білікті маман, профессор Байдуллаев Бекберген Байдоллаұлына жаңа кафедраға меңгеруші болуға ұсыныс жасап, келісімін алды. Әрине, жаңа мамандықты оқу-әдістемелік материалмен қамтамасыз ету, оқу бағдарламаларын жасау және жаңа кафедра ашып оның профессор-оқытушы құрамын тез арада құру үлкен ұйымдастырушылық қабілетті, білім мен тәжірибені дұрыс пайдалана білуді қажет ететіні белгілі. Бекберген Байдоллаұлы аз уақытта сол алға қойған мәселелерді түбегейлі шешіп, жаңа кафедраны құрып қана қоймай, бүкіл мүшелерін қызу жұмысқа жұмылдыра білді. Қарағанды облысының Кеден басқармасымен тығыз байланыс қалыптастырып, студенттерге тек теория жағынан ғана білім беріп қоймай, оны тәжірибемен ұштастыра білді. Университет ұжымында профессор өзінің кішіпейлдігімен, шыншыл мінезімен, сонымен қатар кемшілікті тура көрсетіп қана қоймай, қалай түзету керектігін де айтатын білімді және өмірлік тәжірибесімен үлкен сый-құрметке ие болды. Кафедра басқарған алты жыл ішінде мемлекеттік тілде, орыс тілінде 24 оқу құралы, 20 дан астам

авторы. Оның ішінде, атап айтсақ, алты оқулық және оқу құралдары, 5 ғылыми кітап, 90-нан астам мақаласы және халықаралық, одақтық, республикалық, аймақтық ғылыми-ілімдік және ғылыми-практикалық (тәжірибелік) конференцияның материалдары жинақтарында жарияланды. Онымен қатар Бекберген Байдоллаұлының жетекшілігімен әлеуметтік жоспарлау бойынша ғалымдар ұсынған екі арнайы ғылыми еңбек жинағы жарыққа шықты.

Жоғары сұранысқа ие болған ірі туындылары ретінде келесі еңбектерін айтуға болады: «Құрылыстағы негізгі өндірістік қорларды тиімді қолдану», «Қаланың экономикалық және әлеуметтік дамуын жоспарлау», Маркетинг: Орысша-қазақша сөздік, «Кедендік бақылаудың техникалық құралдары», «Кеден ісін ұйымдастыру» және тағы басқа.

Бекберген Байдуллаевтың жетекшілігімен Қазақ мемлекеттік басқару академиясының арнайы кеңесінде Г.Жүсіпова, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Қарағанды филиалында Т.Қазбеков, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика факультетінде С.Сексенбаев кандидаттық диссертациясын қорғады. Сонымен қатар профессор Б.Байдуллаев 3 докторлық диссертацияның, атап айтқанда, А.Мұсылманқұлов, А.Нұрсейітов, Вьетнам елінің ізденушісі Чанг Чунг Нгиань авторефераттарына, сондай-ақ 20-дан астам кандидаттық диссертацияның авторефераттарына белгілі маман ретінде сын-пікір жазды.

Ол орталық Қазақстан аймағының ерекшеліктерін де республикалық ғылыми конференцияларда және семинарларда жан-жақты таныта білді. Нарықтық экономика мәселелерін, менеджмент пен маркетингтің, кеден ісінің теориясы мен практикасының қыр-сырын қалың қауымға көрсете білді.

2006 жылы Бекберген Байдоллаұлы Астана қаласына қоныс аударып, ҚЭУ-дің қашықтықтан оқытатын өкілеттігіне профессор қызметіне келді және өмірінің соңына дейін істеді. Астанада да «Кеден ісі» мамандарын дайындауға үлкен үлес қосқан.

Бекберген Байдоллаұлы еңбеккер адам ғана емес, сонымен қатар үлгілі отағасы болды. Аяулы жары Құлзіпа Хамзаққызы екеуі үш бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Ұлы Ғалымжан Байдуллаев «Экономика ғылымдары кандидаты», білгір маман. Қазақ теміржолы ҰАҚ Департамент басшысы. Қыздары Дина мен Салтанат та экономика финан саласының мамандары. Немерелері Бауыржан – Италияда магистратурада, Азамат – Финляндияда, Айша – Германияда, Айша АҚШ-та бакалавриатта оқып жүр. Өнегелі өмір, өрелі еңбек, терең ілім мен текті тәрбиенің жарқын бейнесі болға Бекберген Байдоллаұлының есімі ел жадында мәңгі сақталады. Ол – халқымыздың шын мәніндегі ардақты перзенті, ел руханиятының шырақшысы.

К. ЕРКІН

ҚОҒАМ

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

ӨМІРІҢДІ ӨКСІТПЕ,

ӨРЕНІМ!

Есірткі дерті – ел еңсесін езген, қоғам тамырына у болып жайылған зұлмат десек қателеспейміз. Сондықтан нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес – заман талабы, ұлттық қауіпсіздіктің басты кепілі десек, артық айтқандық емес.

Бұл бағыттағы жауапты миссияны тек құқық қорғау органдары ғана емес, барша қоғам, әрбір отбасы, әрбір азамат өз жүрек үнімен қабылдап, бірлескен іс-қимылға жұмылуға тиіс. Бұл Ақмола облысында жүргізіліп жатқан ауқымды әрі жүйелі іс-шаралардан айқын аңғарылады. Облыс аумағында тұтас ай бойы ұйымдастырылған акцияның нәтижесі қорытындыланды.

ИНТЕРНЕТТЕГІ ІНДЕТ:
ЖАСТАРҒА ТӨНГЕН ҚАУІП

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ғаламтор – білім мен ақпараттың қайнар көзі ғана емес, жастарды өз торына оңай түсіретін алаяқ желіге айналып барады. Түрлі мессенджер мен әлеуметтік желіде көз ілеспес жылдамдықпен таралатын есірткі жарнамасы жастарды оп-оңай арбап барады. Бүгін «курьер» болып табыс тапқысы келген жасөспірім – ертең темір тордың ар жағында өмірін өксітіп жататыны да ашы шындық.


Осыны ескерген облыстық Полиция департаменті зиянды контентті жігі қадағалауға көшкен. Жыл басынан бері онлайн кеңістікте 775 сілтеме анықталып, «Киберқадағалау» базасына енгізілген. Бұл былтырғы көрсеткіштен екі есе көп. Сонымен қатар 1218 факт «Антифрод» жүйесіне тіркеліп, дер кезінде киберқауіпсіздік шаралары қолданылған.

– Бұл – онлайн кеңістікте «жүгенсіз кеткен» насихатқа тосқауыл қоюдың бір көрінісі ғана. Ең бастысы жастарды интернеттегі жасырын қауіптерден сақтандыру, – дейді Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы, полиция полковнигі Думан Сабыржанов.

АҚПАРАТ – ҚАРУ,
САНА – ҚАЛҚАН

Жастардың санасын улауға тырысқан әрекетке қарсы ең тиімді әдіс – ағартушылық. Ақмола облысының тәртіп сақшылары бұл бағытта ауқымды жұмыс жүргізуде. Жарты жылдың ішінде БАҚ-та 314 материал жарық көрсе, оның 30-ы теледидар арқылы эфирге шыққан. 254 мақала ақпарат агенттіктерінде, ал Instagram желісінде 420-дан астам пост жарияланған.

Облыс әкімінің орынбасары Алтынай Әміренованың жетекшілігімен бекітілген кешенді жоспар негізінде үш минуттық бейнероликтер дайындалып, мектеп чаттарында, LED-экрандарда, мәдениет ошақтарында кеңінен көрсетілді. Сондай-ақ бұған дейін әзірленген 15 бейнеролик қайта қолданысқа енгізілді.



Айлық шеңберінде өңірде 100-ден астам іс-шара өткізілген. Оның ішінде, 11 қоғамдық акция, 2 семинар, 11 ашық кездесу, 3 дөңгелек үстел, түрлі спорттық жарыстар мен мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылды. Бұл тек санаға әсер ететін емес, жүрекке жететін нақты әрекеттердің көрінісі.

– Мұндай шаралар жастар арасында есірткіге деген теріс көзқарасты қалыптастырып, олармен сенімді диалог құруға мүмкіндік береді, – дейді полиция подполковнигі Разия Курсанова.

ЖАСТАР –
ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Жас буын – ел үміті. Алайда олар есірткі саудагерлері үшін арзан жұмыс күші, оңай олжа көзіне айналып бара жатқанын естен шығармауымыз керек. Сол себепті облыс көлемінде өткізілген спорттық іс-шаралар – кикбоксинг, каратэ, мини-футбол, жүгіру марафондары жастарды салауатты өмір салтына бағыттап, рухани иммунитетін нығайтуға бағытталған.

Сурет байқаулары, интеллектуалды сайыстар мен квест ойындары да жастардың шығармашылық әлеуетін ашуға жол ашып отыр. Есірткімен күрес тек насихатпен шектелмейді. Оның нақты құқықтық салдарын түсіндіру де маңызды. Осы мақсатта мектептер мен колледждерде ашық дәрістер өтіп, қатысушыларға заң талаптары мен интернет-алаяқтық схемалар туралы нақты мәлімет берілді. Еркін форматтағы пікір алмасулар жастардың заң алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Жазғы демалыс кезінде балалардың бақылаусыз қалуы – олардың теріс ортаға түсіп кетуіне жол ашуы мүмкін. Осыған байланысты полиция қызметкерлері мектептер мен жазғы лагерлерде интерактивті сабақтар мен қауіпсіздік тренингтерін ұйымдастыр-

ды. Сонымен қатар балалар полиция бөлімшелеріне экскурсия жасап, кинологиялық қызметтің жұмысымен танысты. Қызметтік иттердің есірткі іздеу сәтіндегі мүмкіндіктері балалардың ерекше қызығушылығын туғызды.

ЖАСТАР ҮНІНІҢ
ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күні – 26 маусымда Көкшетаудағы Абылай хан алаңында өткен «Мен өмірді таңдаймын!» атты ауқымды акция ерекше форматта ұйымдастырылып, көпшіліктің көңілінен шықты. Отбасылық сайыстар, кино-логтар шоуы, театрландырылған қойылымдар, шығармашылық ұжымдар өнері – барлығы есірткісіз өмір салтын дәріптеуге арналды.

– Бұл күні әрбір қатысушы өзін қоғамның бір бөлшегі екенін сезінді. Шара соңында өткен лотереяда басты сыйлық – теледидар шынайы мерекенің көркін аша түсті, – дейді ұйымдастырушылар.

Облыстың барлық ауданында да жастар концерттері, марафондар, сурет байқаулары мен түсіндіру кездесулері өткізілді. Барлық жазғы лагерде ашық сабақ ұйымдастырылып, 2000-нан астам бала қамтылды.

P.S.

Ақмола облысында өткен нашақорлыққа қарсы айлық барысында 6000-нан астам адам қамтылып, қоғам мен билік арасындағы байланыс нығая түсті. Бұл – болашақ үшін күрес, ұлт саулығына деген жанашырлықтың нақты көрінісі. Есірткіге қарсы күрес – бұл бір мекеменің емес, тұтас қоғамның ортақ борышы екенін уақыт тағы бір мәрте дәлелдеп берді.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Соңғы жылдары Сыр өңірінің құрылыс саласында қарқын бар. Нәтижесінде, құрылыс алаңына айналған өңірде ауыз толтырып айтарлық оң өзгерістер бар. Соның ішінде аймақтағы көпірге қатысты түйткілдер түйіні рет-ретімен шешімін тауып келеді.

АСПАЛЫ КӨПІРДІҢ
ИГІЛІГІ КӨП

Сыр халқын көп жылдан бері теміржол өткелдеріне қатысты мәселе толғандырып келді. Әсіресе, аудан орталықтарының тозығы жеткен теміржол өткелдеріндегі көлік кептелісі көпті аландататын. Мұндай жағдай облысқа қарасты Жаңақорған ауданы жұртшылығын да бейжай қалдырмады. Соған орай аймақ басшысының қолдауымен аудан орталығынан теміржол арқылы өтетін аспалы көпір салу ісі бастау алды.

Жаңақорған жұртшылығын зор қуанышқа бөлеген жаңа көпірдің ашылу салтанатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев көптің қуанышын паш етті. Өз кезегінде аудан халқына өңірдегі жол инфрақұрылымын дамыту жұмыстарын баяндап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт», – деген болатын. Соған орай өңірде тиісті жұмыс атқарылып жатыр. Атап айтқанда, 2023-2025 жылдары аймағымыздың 1 232 шақырым автомобиль жолдары мен көшелерін, 18 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 121 млрд 500 млн теңге бөлінді. Нәтижесінде, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайызға жетті. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайыз болмақ. Сол сияқты республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» авто-

ғызып келді. Көп жылдан бері жұртшылық аудан орталығына жету үшін айналма жолмен қатынауға мәжбүр болды. Соған орай ұзындығы 84, ені 15 метр болатын жаңа аспалы көпірдің салынуымен күрмеулі мәселе шешімін тауып отыр. Жергілікті жұртшылық көпір арқылы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізіне тікелей шығуға да мүмкіндік артқанын алға тартады.

Салтанатты рәсімде Мәжіліс депутаты Мұрат Әбеннов, ел ағасы Нәжмәдин Мұсабаев жаңақорған жұртшылығын жаңа көпірдің ашылуымен құттықтады. Жаңақорған ауданының құрметті азаматы Серхожа Ыдырысов ақ батасын берді.

Жалпы, облыста аспалы көпір салу бастамасы бұған дейін де оң нәтижеге ие. Биылғы көктемнен бастап Арал ауданы халқы да көпір игілігін көріп келеді. Атап айтқанда, мамыр айында Арал қаласында 940 метрлік аспалы көпір бой көтерді. Осылайша, аудан орталығындағы адам өміріне зор қауіп туғызып келген ескі өткелдегі көлік кептелісіне нүкте қойылды.

Аймақта бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Соның айғағындай, жақын күндері облысқа қарасты Қармақшы ауданының Жосалы кентінде де дәл осындай аспалы көпір құрылысын бастау жоспарланып отыр.

Негізінен, Жаңақорған ауданының бюджеті соңғы 2 жылда 12,7 млрд теңгеден 22 млрд теңгеге артып, үш жылда 200 млрд теңгеге жуық инвестиция тар-



мобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары биыл аяқталады. Қызылорда қаласындағы теміржол асты автожолының құрылысы да қарқынды жүруде. Бұл қаладағы көлік қатынасының жүктемесін біршама төмендетеді. Осындай жұмыстың жарасымды жалғасы ретінде ел игілігіне берілген жаңа көпір Жаңақорғанның болашағына жол ашатын алтын көпірге айналсын! Баршаның амандық, жасампаз істерімізге толағай табыс тілеймін!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мәліметке сәйкес, аталмыш аудан орталығында 1989 жылы көпір құрылысы басталып, түрлі себеппен аяқсыз қалып қойған. Соның салдарынан аудан аумағындағы 12 ауыл халқының кентке қатынауы қиындық ту-

тылған. Ауыссу мәселесі бойынша 4 елді мекеннің су желілері жаңартылып, аудан халқы 100 пайыз таза ауыссумен қамтылған. Сол сияқты аудан тұрғындарының 52 пайызы көгілдір отынмен қамтылса, тағы 8 елді мекенді газдандыруға 7,3 млрд теңге бөлініп, тиісті жұмыстар биыл аяқталады деп күтілуде. Сонымен қатар «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы 10 мектептің екеуі Жаңақорғанда салынса, елді мекендердегі емдеу орындарының қатары артып келеді. Алдағы уақытта жалпы құны 972 млн теңгеге аудандық ауруханаға қосымша ғимарат салынып, қазан айында қолданысқа берілуі де жоспарланып отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

КӨКЖИЕК

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

ЖӨН ЕКЕН!

ЛУДОМАНИЯНЫ ШЕКТЕЙТІН ЖҮЙЕ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Елімізде «Бірыңғай есепке алу жүйесі» атты цифрлық платформа іске қосылуда. Ол онлайн-бәс тігулер мен құмаройындар нарығын қадағалап, бақылауды күшейтуге бағытталған. Оның басты міндеті – букмекерлер мен олардың клиенттері арасындағы барлық транзакцияны тіркеу, сондай-ақ әр ойыншының ставка тарихын мұқият қадағалау.

Бұл жүйенің өзегі – адамды заңды түрде тану. Яғни, азаматтың бәс тігу құқығы бар ма, жоқ па соны анықтап, тек заң шеңберінде әрекет етуге мүмкіндік береді. Енді мемлекет онлайн режимде барлық операцияны көріп отыратын жүйені енгізуде. Италия, Испания, Франция, Германия және АҚШ-тың кейбір штаттарында дәл осылай жасалған, – деді комитет төрағасы Әділет Тұрғанбаев.

Туризм және спорт министрлігінің мәліметінше, елімізде заңды құмаройындар нарығының жылдық айналымы 1,3 триллион теңгеге жуықтайды. Онда 2,5 миллиондай клиент тіркелген, оның ішінде 450 мың адам – тұрақты ойыншылар. Тағы 500 мың адам салық төлемейтін, көлеңкелі букмекерлік кеңселерде ойынға араласуда. Бұл деңгейміз – қыруар қаржы шетелдік оффшорларға кетіп жатыр деген сөз. Жаңа жүйенің басты міндеті – заңды нарықты реттеу ғана емес, сонымен қатар жасанды интеллект көмегімен заңсыз сайттарды

анықтап, бұғаттау, азаматтардың қаржысын және ел экономикасын сыртқа кетуден қорғау.

Ә.Тұрғанбаевтың айтуынша, платформа – бұл тек мемлекеттік бақылаудағы ақпараттық жүйе ғана емес, үш негізгі бағытты қамтитын кешен:

«Бәс тігу сипаты мен жиілігін талдай отырып, жүйе ойынға тәуелділіктің белгілерін де анықтай алады. Бұл – нақты жағдайды көруге және тәуелділік шегінен асып кеткен азаматтарға көмек көрсетуге мүмкіндік береді.»

Бірінші модуль – ойынға бейім азаматтарды анықтап, оларға қолжетімділікті шектеу;

Екінші модуль – күн сайын 1 000-ға дейін заңсыз интернет-ресурстарды бұғаттау арқылы көлеңкелі нарықпен күресу;

Үшінші модуль – ставка операцияларын бақылау және ойыншылардың құқықтарын қорғау.

Комитет басшысы атап өткендей, бүгінде букмекерлік кеңселерге қатысты шағымдар күн сайын толассыз түсіп жатады. Ойын-



шылар ұтқан ақшаларын ала алмайтынын немесе шотты толықтырған кезде аккаунттарының бұғатталатынын айтып шағымдануда. Бірақ Бірыңғай есепке алу жүйесі іске қосылмайынша, мемлекет тек букмекерлердің ресми жауабына сүйенуге мәжбүр.

– Әрине, олар өз қателігін мойындай қоймайды. Ал әділетті шешім қабылдау үшін бізге – бәс тіккен адамдардың ойындарының тарихы керек. Егер адам шынымен ставка жасап, ұтып алса, ал оған

қандай да бір негізсіз себеппен төлем жасалмаса, біз заң шеңберінде букмекерді шарттарын орындауға міндеттей аламыз. Бұл жерде азаматтың тұтынушылық құқығын қорғаймыз, – деді Әділет Тұрғанбаев.

Оның айтуынша, егер адам заңсыз сайтта ойнаса, мемлекет оның құқығын қорғай алмайды. Ал Бірыңғай есепке алу жүйесі іске қосылған соң, мемлекеттік органдарда толық база болады – кім, қайда, қанша рет ставка жасады, бәрі көрініп тұрады. Бұл – бақылаудың жаңа сапалық деңгейі.

Осы арқылы ел азаматтары тек заңды платформаларда ойнайтын болады, ал заң олардың құқығын нақты қорғайды.

Сондай-ақ жүйе құмаройынға тәуелділіктің алдын алуға бағытталған. Яғни, цифрлық платформа борышкерлерді, сот шешімі бар азаматтарды, мемлекеттік қызметшілерді, әскери қызметшілер мен

құқық қорғау және арнайы орган өкілдерін ойыннан автоматты түрде шеттетеді.

Бұл ретте, жүйе автоматты тексеріс жүргізіп, барлық тыйым салынған тізімдерді ескеретін болады. Сонымен қатар екісатылы сәйкестендіру, оның ішінде биометриялық растау енгізіледі. Бұл ойыннан шектелген немесе өз еркімен шектеу қойған адамдардың жүйеге қайта кіруіне тосқауыл болады.

Бәс тігу сипаты мен жиілігін талдай отырып, жүйе ойынға тәуелділіктің белгілерін де анықтай алады. Бұл – нақты жағдайды көруге және тәуелділік шегінен асып кеткен азаматтарға көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

– Егер адам бірінен соң бірі ұтылып, қайта ставка жасап тағы ұтылатын болса, жүйе оған уақытша шектеу қоя алады. Ал егер ұтып жатса, бұғаттамайды. Алгоритм әр ойыншының әрекетін жеке талдайды, – дейді Қаржы мониторингі агенттігінің Превенция және талдау әзірлемелері департаменті басшысының орынбасары Даурен Мүлікөв.

Жүйенің тағы бір маңызды артықшылығы – ойыншылар өздеріне айлық лимит қоя алады. Лимиттен асқан жағдайда, ставка автоматты түрде қабылданбайды.

Д. Мүлікөвтің сөзінше, жыл сайын шамамен 200 адам құмаройынға тәуелділіктен өз-өзіне қол жұмсайды. Алайда денсаулық сақтау жүйесінде тек санаулы адам ғана ресми тіркеуде тұр.

Іске қосылған соң, ойыншыларға жүйе психологиялық көмек алуға кеңес беріп, хабарлама жіберіп отырады.

– Мәселен, жүйе мынадай хабарлама жібереді: «Сізге мәселе бар. Психологиялық көмек қажет. Міне, мемлекеттік және жеке орталықтардың байланыс нөмірлері». Бұл – мәселені асқындырмай, алдын алу үшін маңызды қадам, – дейді Әділет Тұрғанбаев.

ҚАУІПСІЗДІК

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН РЕТТЕЙДІ



Рөлге отырған әрбір жүргізуші мен жолға шыққан әр жаяу жүргінші – үлкен жүйенің бір бөлшегі. Алматы облысында жол үстіндегі тәртіп пен қауіпсіздік үшін күрес енді жаңа деңгейге шықты: полиция жасырын патрульдер мен «ақылды» камералар арқылы жолдағы тәртіп бұзушыларды қатаң бақылауға алды. Цифрлық технология көмегімен жүргізіліп жатқан бұл операциялар адам өмірін аман сақтауға бағытталған. Облыстағы жол-көлік оқиғалары жиі тіркелетін қауіпті учаскелерде, соның ішінде Талғар бағыты бойынша жолдарда, полицейлер заманауи цифрлық технологияларды қолдана отырып, жол қозғалысын бақылауды күшейтті.

«Қауіпсіз жол» жедел-алдын алу іс-шарасы аясында полиция қызметкерлері жол қозғалысы ережелерінің бұзылуын анықтап, алдын алу мақсатында рейдтік іс-шаралар ұйымдастырды. Шараға заманауи техникалық құралдар тартылып, жасырын әрі тиімді бақылау жүйесі жүзеге асырылды.

Полицияның мәліметінше, 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында облыс аумағында 1 447 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл – адам өмірі мен тағдырына тікелей әсер ететін маңызды деректер. Осыған байланысты өңірде жол апаттарының алдын алу үшін жүйелі шаралар қабылданып, техника-

лық мүмкіндіктер белсенді түрде пайдаланылуда.

Талғар тас жолында бірнеше техникалық құралдарды қамтитын жасырын патрульдеу жүйесі енгізілді: дрондар – әуеден қауіпті маневрлер мен қарсы бағытқа шығу жағдайларын бақылап түсіреді; E-KIN PATROL жүйесі – көлік нөмірлерін автоматты түрде анықтап, жылдамдықты асыру, техникалық байқаудан өтпеу, сактандыру полисінің болмауы секілді құқықбұзушылықтарды тіркейді; жасырын патрульдер – арнайы белгілері жоқ автокөліктер, олар нақты уақыт режимінде жүргізушілердің әрекеттерін бақылап, полицияның тікелей қатысуынсыз өрескел заңбұзушылықтарды тіркей алады.

– Қазіргі технологиялар жағдайды алдын ала болжауға және оған әсер етуге мүмкіндік береді. Жүргізушілер әдетте стационарлық бекеттер мен патрульдік көліктерге үйреніп қалған. Ал жасырын патруль нақты жолдағы жағдайды ашып көрсетіп, ауыр салдардың алдын алуға көмектеседі, – деді полиция өкілдері.

Тек 2025 жылдың өзінде Алматы облысының полицейлері жол қозғалысы ережелерінің 110 мыңға жуық бұзушылығын анықтаған.

Атап айтқанда, техникалық қауіп бар көлік жүргізушісі – 11 029 жағдай, тоқтау және тұру ережелерін бұзу – 2 542 жағдай, қарсы жолаққа шығу – 615 жағдай, мас күйде көлік жүргізушісі – 479 жағдай, жаяу жүргіншілермен байланысты бұзушылықтар – 13 697 жағдай.

– Әрбір бұзушылықтың артында ықтимал апат тұруы мүмкін. Жолдағы бақылау шаралары жазалау үшін емес, қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін жүргізіледі. Жүргізуші бақылау көзге көрінбесе де, оның бар екенін түсіну керек. Біздің басты мақсатымыз – жолдағы тәртіпті қалыптастырып, адам өмірін сақтау, – деп атап өтті ведомствода.

Сондай-ақ қазіргі таңда Еңбекшіқазақ ауданында жол-көлік оқиғаларының алдын алу және апатты азайту мақсатында белсенді профилактикалық жұмыс жалғасуда.

9–18 шілде аралығында аудан аумағында «Қауіпсіз жол» жедел-алдын алу іс-шарасы өтуде. Патрульдік полиция ротасының қызметкерлері күн сайын жол қозғалысы ережелерінің адам өміріне қауіп төндіретін өрескел бұзушылықтарын анықтауда.

Назарда – қарсы қозғалыс жолағына шығу, көлікті мас күйде немесе есірткілік әсермен жүргізу, жүргізуші куәлігінсіз көлік басқару, жылдамдықты арттыру, жаяу жүргіншілерге жол бермеу және бағдаршам сигналдарын елемей сияқты әрекеттер.

Жыл басынан бері Еңбекшіқазақ ауданында 9445 жол ережесін бұзу фактісі тіркелген. Атап айтқанда, көлік құралын пайдалану ережесін бұзу – 1 128 дерек, құжатсыз көлік жүргізу немесе көлікті жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаға беру – 171 жағдай, қауіпсіздік белбеулері мен мотошлемдерді пайдаланбау – 559, қарсы жолаққа шығу – 36, жаяу жүргіншілерге жол бермеу – 116, мас күйінде көлік жүргізу – 53, тоқтау және тұру ережелерін бұзу – 241, жаяу жүргіншілер тарапынан орын алған құқықбұзушылықтар – 1 888 дерек.

Басты мақсат – тек заңбұзушылықты анықтау емес, сонымен қатар алдын алу. Осы бағытта көлік жүргізушілерімен және жаяу жүргіншілермен тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жолдағы қауіпсіздік туралы жадынамалар мен ақпараттық парақшалар таратылуда.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



Бала алғаш рет «мама» деп тілі шығып, өз ойын білдіре бастаған сәт – ата-ана үшін ең үлкен қуаныш. Бұл – баланың алғашқы тұлғалық қадамы ғана емес, ата-ана мен бала арасындағы шынайы байланыстың бастамасы. Алайда бүгінде көптеген ата-ана бұл сәтті ұзақ күтуге мәжбүр. Себебі соңғы жылдары балалардың сөйлеу қабілетінің кешеуілдеуі жиілеп барады. Осы мәселеге тереңірек үңілу үшін логопед-дефектолог, балалармен 15 жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан тәжірибелі маман Әлия Сманқызымен сұхбаттасқан едік.

Әлия СМАНҚЫЗЫ,
логопед-дефектолог:

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖОҚ ЖЕРДЕ

СӨЙЛЕУ ҚАЛЫПТАСПАЙДЫ

– Қазір балалардың тілі кеш шығуы жиі байқалады. Бұл құбылыстың себептері қандай?

– Иә, бұл қазіргі заманның өзекті мәселесіне айналды. Бұрын бала тілі шықпай жатса, ата-аналар оны көп жағдайда «уақыт өте өзі сөйлеп кетеді» деп қабылдайтын. Бірақ бүгінде біз тілдің кешігуі баланың толыққанды дамуына елеулі кедергі келтіретін күрделі құбылыс екенін түсінуіміз керек. Оның бірнеше себебі бар.

Ең әуелі ананың жүктілік кезіндегі денсаулығына мән беру қажет. Егер ана жүктілік кезінде күйзеліс, депрессия, инфекциялық ауру мен ауырса, бұл баланың жүйке жүйесінің дамуында із қалдыруы мүмкін. Баланың сөйлеу қабілеті тек тілді үйрену емес, бұл – күрделі нейробиологиялық үдеріс. Ал бұл үдеріс туа бітті жүйке жүйесіне байланысты. Сонымен қатар сәбидің алғашқы айларынан бастап онымен тікелей сөйлесу, көзбе-көз қарым-қатынас жасау, эмоциялық байланыс орнату тіл дамуына негіз болады. Ал бұл байланыс болмаса, сөйлеудің де іркілігі әбден мүмкін.

– Балалардың гаджетке тәуелділігі тіл дамуына қалай әсер етеді?

– Өкінішке қарай, қазіргі заманауи өмір салты баланың табиғи дамуын жасанды факторлармен шектеп отыр. Әсіресе, гаджеттер осы проблеманың басында тұр. Көптеген ата-ана баланы тыныш ұстау үшін планшет не телефонды қолына ұстата салады. Бала ойнап отырғандай көрінгенімен, шын мәнінде ол біржақты, пассивті қабылдау режимінде отырады. Ол естиді, көреді, бірақ жауап қайтармайды. Қарым-қатынас жоқ жерде сөйлеу де қалыптаспайды.

Бала алғашында анасының көзіне қарап, эмоцияны түсініп, даусы интонациясын, мимиканы бақылау арқылы сөйлеуді үйренеді. Ал мультфильмде бұл байланыс жоқ. Тірі адамның үніне, бет-әлпетіне қарап үйрену – сөйлеудің табиғи жолы. Сондықтан балаға мультфильм көргізер алдында, ең алдымен, онымен сөйлесуді, бірге ойнауды, ән айту мен ертегі тыңдатуды әдетке айналдырған дұрыс.

Бала сөйлеуді ойын арқылы, дыбыстарды қайталау арқылы

менгереді. Тіпті, қарапайым «мысық не дейді?» деген сұрақтың өзіне бала жауап беруге тырысып, дыбыс шығаруға машықтанады. Ал гаджеттер мұндай өзара әрекет ұсынбайды.

БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТЕК БІР ТІЛДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕРЕК

– Қазақ тіліндегі «к», «қ», «н» секілді дыбыстарды айту балаларға неге қиын?

– Дыбыстардың дұрыс айтылмауы тілдің моторикасымен байланысты. Мысалы, «р» дыбысы тілдің ұшының дірілдеуі арқылы жасалады, ал бұл үшін балада жеткілікті артикуляциялық қабілет болуға тиіс. Бұлшық ет әлсіздігі, моториканың жетілмей қалуы, тіпті сору мен шайнау әрекетінің аздығы да осындай кемшілікке себеп болады.

Қазақ тілі – артикуляциялық жағынан күрделі тілдердің бірі. Әсіресе, көмей, тіл арғы дыбыстарын айту үшін баланың тілі жақсы дамуы керек. Ал қазіргі балалар ұзақ уақыт ботқа, езілген тағаммен тамақтанады. Бұл – тіл мен жақтың моторикасының баяу дамуына әкеледі.

Сонымен қатар қазір көп отбасында екі немесе үш тіл қатар қолданылып жатады. Бұл жағдай баланың миында тілдік кодтардың араласуына, дыбыстарды шатастыруына себеп болады. Мұндай жағдайда біз ата-аналарға баланың сөйлеуі бір тілде толық қалыптасқанша, тек сол тілде сөйлеуге кеңес береміз.

– Ата-аналар баласының тілі кеш шыққанын жиі мойындағысы келмейді. Ондайда логопед қандай қадам жасайды?

– Иә, мұндай жағдай тәжірибемде жиі кездеседі. Кейбір ата-аналар өз баласын өзгемен салыстырып, «қазір сөйлемесе, ертең сөйлейді» деген оймен уақыт жоғалтып алады. Бірақ сөйлеудің кешігуі уақыт өте өздігінен шешіле беретін мәселе емес. Бұл – уақытты қажет ететін, жүйелі жұмысты талап ететін үдеріс.

Біз мұндай ата-аналармен алдымен сенім орнатуға тырыса-

мыз. Баланы бейнежазба арқылы бақылап, сөйлеу әрекетін көрсетеміз. Қай жерде қиындық барын нақтылап, түсіндіреміз. Кейде проблема тілде емес, эмоциялық байланыста немесе отбасындағы атмосферада жасырылып жатады. Сондықтан логопед баламен ғана емес, бүкіл отбасымен жұмыс істейді.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – БАЛАНЫҢ ҚОҒАМҒА ЕНУ ЖОЛЫ

– Сіз қандай тәсілдер арқылы баланың сөйлеуін дамытасыз?

– Біз сөйлеуді дамыту үшін кешенді әдіс қолданамыз. Мысалы, бала дыбысты ажырата алуын, сөздерді түсінуін, берілген нұсқауды орындауын, осының бәрін тексереміз. Кейбір балалар сөйле-

мейді, бірақ бәрін түсінеді. Ондайда біз алдымен тілдік емес коммуникацияны ым, кимыл, көзқарас арқылы байланыс орнатамыз. Сосын барып дыбыстық белсенділікті біртіндеп дамытамыз. Кейде балаға қарапайым ауызша нұсқау жеткіліксіз болады, онда визуалды тіректерді (сурет, белгі) қосамыз. Бастысы – баланың психологиялық кедергісін жеңу.

– Кейбір балаларда сөйлеу бар, бірақ олар айналасымен байланыс орнатуға қиналады. Бұл нені білдіреді?

– Бұл – өте маңызды әрі жиі кездесетін жағдай. Бала сөздерді айта алады, бірақ оларды жағдайға байланысты қолданып, айна-

көбіне сенсорлық ақпаратты өңдеу қабілеті бұзылған болады. Яғни, олар дыбысты естиді, бірақ оны ажырату, мәнін түсіну, соған сәйкес әрекет ету қиынға соғады. Бұл сөйлеу мен түсініктің арасындағы байланыстың үзілуі. Мұндайда реабилитолог баламен арнайы ойын, тактильді және визуалды жаттығулар жасап, оның миына келіп жатқан ақпаратты дұрыс қабылдауды және қайта өңдеуді үйретеді. Біздің мақсат – тек сөз үйрету емес, баланың байланыс орнату қабілетін қалыптастыру. Себебі сөйлеу – қарым-қатынас құралы, ал қарым-қатынас – баланың қоғамға ену жолы.

Мамандық жолымда жүріп жүрекке қатты әсер еткен, ұмытылмас сәт көп. Солардың бірі церебралды сал ауруымен ауыратын 5-6 жастағы бала туралы. Ол бізге алғаш келгенде тек дыбыс шығарып қана отыратын.

– Тәжірибенізде есте қалған ерекше оқиға болды ма?

– Иә, мамандық жолымда жүріп жүрекке қатты әсер еткен, ұмытылмас сәт көп. Солардың бірі церебралды сал ауруымен ауыратын 5-6 жастағы бала туралы. Ол бізге алғаш келгенде тек дыбыс шығарып қана отыратын. 30 күн бойы ол бірде-бір сөз айтпады. Ал бір күні кенеттен орнынан тұрып, «мама» деп айтып, анасына қарады. Анасының көзінен қуаныштың жасы парлап кетті. Ол сәттегі қуаныш пен тебіреністі сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бала кейін: «Менің аяғым жерге тиді» деп анық сөйледі.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Әсет ҚАЛИ



АЙМАҚ

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

ШЕГІРТКЕЛЕР

Атырауда Қызылқоға және Құрманғазы аудандарында шегіртке қаптап жатыр. Әлеуметтік желілерде шегіртке қаптаған далалық жерлерден, ол аз болғандай, көлікке «шабуылдап» жатқан шегірткелер туралы видеолар кеңінен тарап кетті. Қызылқоғалық бір тұрғын, тіпті бейнеүндеу жасап, алыс жолға шыққанда көліктің қызып кетуінен және істен шығуынан сақтану үшін радиаторға қорғаныс торын орнатуға кеңес берді. Тұрғын көлігінің капотында ондаған шегірткенің жиналып қалғанын да көрсетті. Расын айту керек, зиянкестердің көптігінен «Қарабау-Миялы» күрежолында көлік қозғалысы қиындап отыр.

Баян Жанұзақ, Атырау облысы

Қазір зиянкестер зақымдаған аумақтың көлемі анықталуда. Ерте көктемде облыс бойынша 128 мың гектар алқапта шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жүргізілген болатын. Бірақ шілде айы басталысымен зиянкестер қайта бас көтерді. Қазір шегірткемен күрес қайта қолға алынды. Атырау облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Азат Қапановтың айтуынша, шегірткемен күрес күшейтілген бағытта жүзеге асып жатыр.

«Қосымша өңдеу жұмыстарына 68 миллион астам қаражат қаралып жатыр. Атырау облысы бойынша фитосанитарлық болжамдар әдістемелік орталығы қазір сол ұшып жатқан шегірткелердің бағытын қарап, қоныстарын анықтайтын болады», — деді спикер Азат Қапанов.

Атырау облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасынан анықтағанымыздай, итальян прусы дернәсілдерінің алғашқы жаппай шабуылы 6 мамырда тіркелген. Ал 16 мамырдан бастап өңірде ауқымды химиялық өңдеу жұмысы басталған. «Зиянкестен күресте жеңіл авиация, дрондар, желдеткіш бүрікіштер және газогенераторлар қолданылды. Мониторинг жұмыстарын мамандар, ғалымдар және жұмыспен қамту орталықтары арқылы тартылған жұмысшылар жүргізіп отырды.

Бүгінгі күнге дейін 55 мың гектардан астам жер өңделді. Оның ішінде, 38 413 гектары — үйірлі шегірткеге, ал 17 510 гек-



тары — үйірсіз түрлерге қарсы өңделген. Негізгі жұмыстар аяқталғанымен, қазір жекелеген учаскелерде қосымша тазалау жүргізіліп жатыр», — деп нақтылады ведомство өкілдері.

Мамандардың айтуынша, итальян прусы далалы аймақта жайылымдық өсімдіктермен қоректенеді, бірақ ол дәнді дақылдарға да айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Италияндық прус пен азиялық шегірткенің қауіпті деңгейде көбеюі — Құрманғазы ауданында да тіркеліп отыр.

Мамандардың айтуынша, шегіртке дернәсілдерінің жаппай шығуы көршілес Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарымен шекаралас аумақтарда байқалған. Кейін олар Атырауға ауа райының ыстық әрі құрғақ болуына байланысты еркін таралған. Каспий теңізі маңындағы аралдардың кеуіп, көбею ортасына айналуы да қосымша қауіп туғызуда. Атырау облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының өкілі Ізбасар Қабиевтің айтуынша, шегіртке шабуылы — бұл тек ауыл шаруашылығы ғана емес, экожүйенің дабылы. «Климаттың өзгеруі зиянкестердің ерте шығып, кең аумаққа таралуына әсер етті. Атырауда бұл — табиғи тепе-теңдіктің бұзылғанының белгісі. Шұғыл әрі жоспарлы бақылау ғана жағдайды тұрақтандыра алады», — дейді маман.

Сол себептен де Атырау облысының фитосанитарлық инспекциясы фермерлер мен ауыл тұрғындарын қырағы болуға шақырады. Шегіртке ошақтары байқалған жағдайда аудандық және облыстық мамандарға дереу хабарлауға шақырып отыр.

Өкінішке қарай, Атырау облысы шегірткелер шабуылымен бірінші рет кездесіп отырған жоқ. 2024 жылдың шілде айында Құрманғазы, Исатай, Қызылқоға және Махамбет аудандарында шегірткелер ауылшаруашылығына үлкен зиян келтірген болатын. Бағбандар бау-бақшасындағы қияр, сәбіз, қарбыздың түгел жойылғанын, тіпті у шашу шаралары да нәтиже бермегені туралы хабарлаған еді.

Мамандар шегіртке популяциясының әрбір 10-12 жылда локальды шарықтау шегіне жететінін атап өтуде. «2024-2025 жылдары дәл сол цикл келіп тұрды. Сонымен қатар аптап ыстық, құрғақ климат және Каспий маңындағы су деңгейінің төмендеуі — осы толқынға жағдай жасады», — дейді Атырау облыстық Ауылшаруашылығы басқармасының өкілі Ізбасар Қабиев.

Мамандардың айтуынша, Атыраудағы шегіртке індеті — тек ағымдағы жағдай емес, тарихи циклінің көрінісі. 10-12 жылда бір қайталанып келетін бұл індет климаттық факторлармен күшейеді. Ендігі жерде біздің міндет — өткеннен сабақ алып, табиғаттың заңдылығы мен ауыл шаруашылығының тұрақтылығы арасындағы теңгерімді сақтау.

Шегіртке — ең алдымен егіннің жауы. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда ең ірі толқындардың бірі 1999-2000 жылдары болған. Бұл жылдары шамамен 220 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдары зардап шеккен. Шабуылдардан кейінгі жылдары елде 10 миллион гектардан астам жер химиялық өңдеуден өтіп, ал агротехникалық шара арқылы 5 млн гектар жер өңделген.

Соңғы онжылдықтарда шабуылдар жиілеп, 2020 жылы — 514 мың гектар, 2021 жылы — 626 мың гектар, 2022 жылы — 975 мың гектар, 2023 жылы — 1,6 млн гектар жер өңделді. 2024 жылы 2,4 млн гектар жер шабуылға ұшырап, мемлекет 8,1 млрд теңге бюджеттік шығынға ұшырады.

Қалай десек те, Атырау облысындағы шегіртке індеті — кездейсоқ жағдай емес. Бұл ұзақмерзімді тарихи-экологиялық процесс нәтижесі. Сол себепті мамандар алдын ала мониторинг, ауа райы, су деңгейі және жұмыртқа шығыс циклын бақылауды, трансшекаралық серіктестікке ден қоюды, химиялық өңдеуде экологиялық шараларға көбірек назар аударуды ұсынып отыр. Шегіртке оңай жау болмай тұр...

Осыдан тура бір жыл бұрын ұлт руханиятының көрнекті тұлғасы, филология ғылымдарының докторы, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ата-Түрік атындағы Түрік тарих құрымының толық мүшесі, Қаржаубай Сартқожаұлы келместің кемесіне мініп кетті. Ал ғалымның аруағына тағзым мақсатында өзі қызмет еткен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде үш бірдей кітаптың тұсауы кесілді.

ТАСТАН ТАМЫР ІЗДЕГЕН ҒҰЛАМА



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Жиынға университет ректоры Ерлан Бәтташұлы, Елтаңба авторы, архитектор, профессор Жандарбек Мәлібекұлы, Еуразия ұлттық университетінің Түркология және алтайтану ғылыми-зерттеу орталығының ұстаздары және ғалымның жары мен ұрпақтары қатысты. Іс-шара басында сөз сөйлеген ректор Ерлан Бәтташұлы Қаржаубай Сартқожаұлының еңбегі де, кітаптары да мәңгі жасайтынын атап өтті. Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібекұлы ғалымның тарихи зерттеулері Күлтегін ескерткіштерін толық тануда орасан зор құрал екеніне тоқталды.

Ғалым, жазушы Серік Негимов Қаржаубай Сартқожаұлының артында қалған шығармашылық мұрасы күллі қазақ баласын біліммен сусындауға күші жететінін атап өтті.

— Ұлт патриоты, дархан даланың баласы, түркітанушы, жазушы — Қаржаубай Сартқожаұлы көгілдір экран алдында «Мен білім үшін өлем» деп қиын кездерде күндей күркіреп айтқан еді. Сол сөзі бүгін халықтың жүрегінде жатталып қалды. Ол — нағыз тіл жанашыры. 1890 жылы «Дала уәлаяты» газетіне Мәшһүр Жүсіп орыс тілінде жазған мақаласында «Түркі тілдерінің ішіндегі гаухары — қазақ тілі» деген. Қазақ тілінің XXI ғасырдағы шын жанаушы, тексерушісі, таразылаушысы болған бірден-бір тұлға ол — Қаржаубай Сартқожаұлы. Қара тастағы жазуларды тірілтен. «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» деген 3 томдық еңбегінде ұлтымыздың ең керемет тұжырымдары, әлеуметтік пайымдаулары осының ішінде айтылған. Егер Қаржекең жазушылыққа толықтай бет бұрғанда классик болып кетер еді. Оның еңбектері — мемлекетіміздің рухани жетілуіне үлес қосатын қауіпсіз бұлақ. Сол бұлақтан бәріміз сусындауымыз керек, — деді С.Негимов.

Марқұм Қаржаубай Сартқожаұлы — елімізде көне түркі ескерткіштерін ұзақ уақыт практикалық тұрғыдан зерттеп-зерделеген, әрі аталмыш ескерткіштердің лингвистикалық, эпиграфиялық, тарихи, этно-мәдени қырларын ашқан ғалым. Нәтиже-

сінде, оның «Орхон ескерткіштерінің атласы» (М.Жолдасбековпен бірге, 2005), «Атлас Орхонских памятников. I том» (М.Жолдасбековпен бірге, 2007), «Көне түркі жазуының генезисі» (2007), «Орта ғасырлардағы Майхан-үленің жерасты кесенесі. Археологиялық барлау және зерттеу» (Л.Эрденболд, К.Жантегин, А.Очир қатарлылармен бірге. Ұланбатыр. Моңғол тілінде. 2013), «Орхон ескерткіштерінің Толық Атласы». I, II том (2019), «Орхон ескерткіштерінің Толық Атласы». III том (Майда жазулар, Қ.Жантегинмен бірге. 2019), «Үйсін хандығы» (2016), «Керейлердің этникалық тарихы» (Ж.Ошанмен бірге, 2022) т.б. ғылыми кітаптары жарыққа шықты. 80-нен астам ғылыми мақалалары Москва, Улан-Батор, Пекин, Стамбул, Лондон, Париж, Алматы, Астана қалаларындағы ғылыми басылымдарда жарияланды.

Қаржаубай Сартқожаұлы шығармашылық өмірінде қоғамдық қызметтер атқара жүріп, жалпы көпшілік және әдеби тақырыптарға да қалам тартқан қайраткер. Тұсауы кесілетін еңбектердің қатарында өмір мен өлім, сағыныш пен сыр, ғылым мен руханият үндесе тоғысқан іргелі туындылары бар. Олардың бірі отбасы естелігіне құрылған, ананың асыл бейнесі мен ғалымның отбасылық өміріндегі адами болмысы терең сезіммен өрілген «Қош бол, апа» кітабы.

Екінші еңбек — Қаржаубай Сартқожаұлының ғылыми-шығармашылық келбетін, түрік дүниесіне сіңірген еңбегін кеңінен ашатын әлемдік әрі отандық ғалымдар мен қаламгерлердің жүрек-жарды мақалалары, естеліктері мен лебіздері топтастырылған «Тастан тамыр іздеген ғұлама» жинағы.

Үшінші кітап — «Подземный мавзолей древнетюркской эпохи Шороон Бумбагар (Майхан Уул) в Центральной Монголии» атты ғылыми монография. Байырғы түрік әлемінің жәдігерлерін зерттеуге арналған Қаржаубай Сартқожаұлы жетекшілік еткен халықаралық археологиялық экспедициялардың нәтижесі ретінде жарық көрген іргелі еңбек. Бұл еңбек арқылы Моңғолия даласында ашылған түрік дәуірінің жерасты мавзолейі туралы тың деректер ғылыми айналымға түсіп отыр.

ДОДА

19 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

16-27 шілде аралығында Германияның Рейн-Рур аймағында XXXII Дүниежүзілік жазғы Универсиада ойындары өтіп жатыр. Онда ел намысын 12 спорт түрінен 76 спортшы қорғайды. Жалпы, 8,5 мыңға жуық студент-спортшы 200-ден астам медальды сарапқа салады. Ал байрақты бәсекеде ұлттық құраманы жас жүйрік Батырхан Төлеуғали бастап барды.

А Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

**ҮМІТ АРТАР
ӨРЕНДЕР**

Иә, бұл — жаздағы басты доданың бірі. Себебі жас спортшыны топқа салып, шабысын байқар сәт. Ол да өзін дәлелдеп, әлем чемпионаты мен Олимпиадаға дейінгі жол картасын әзірлейтін уақыт. Сол үшін қатысушылар барын салуға уәде берген-ді. Жанкүйер де 76 атлеттің тілеуін тілеп, сүйінші хабар күтіп жүр. Өйткені жауаптылар 2023 жылы Қытайда өткен жазғы Универсиадағадай нәтиже көрсетуге ниетті. Есте болса, 2013 жылы ел құрамасы 30 жүлдемен 19 орын алған-ды. Қай жарыс болмасын алтынның салмағы басым екенін ескерсек, 2015 жылы Кванджуда атой салғанымыз еске түседі. Жастар қоржынға бақандай алты алтын медаль салды. Жалпы есепте 11 орын алдық. Расымен, 2007 жылы Бангкокта өткен студенттер ойынында да 11 орын алғанымен, оның бесеуі алтын алды. Ал Германиядағы жазғы Универсиада Дуйсбург, Бохум, Эссен, Хаген, Мюльхайм мен Берлинде өтеді. Биыл да қармақ қауып, бәйгенің алдын бермесек дестік. Өйткені аттанарда бірнеше спортшыға ойлы көз тастап, сенім артқанымыз бар.

Ол кім десеңіз, алғашқысы — неміс жеріне ту ұстап жеткен Батырхан Төлеуғали. Азия ойындарының жеңімпазы, Парижде өткен Олимпиада ойындарының қатысушысы. Жас та болса, бас болып таэквондодан кейінгі турнирлердің алдын бермей жүрген спортшы. Тәжірибелі, өккі қарсыластарын сабырмен, айламен жеңіп жүрген атлет. Әлемдік додаға шыққанда психологиялық барьерді оңай жеңіп, қай қарсыласпен кезіксем де өзімді жаттығуда жүргендей сезінемін деп отыр.


«Иә, бұл менің алғашқы универсиадам. Ту көтеру мен үшін үлкен мәртебе. Қарсыластар мықты, бірінші нөмірлі спортшылар келген. Жазғы Универсиадаға дайындық жоғары деңгейде өтті. Туды тұғырдан түсірмей, жақсы нәтижемен қайтамыз деп ойлаймын», — деді таэквондошы Батырхан Төлеуғали.

Бұдан бөлек, Универсиадаға 12 таэквондошы аттанды. Арасында жасындай жарқырап жүрген Самирхон Абабакиров та бар. Сондықтан бұл спорт түрінен сынға түсетін санлақтардан жүлде күтетіміз айқын.

Одан кейінгі ұлттық құраманың жауһары — Айбота Ертайқызы. Ол алғаш рет 2023 жылы Қытайда өткен Универсиада ойындарында өнер көрсетті. Сол жылы көркем гимнастикадан Эльжана Таниева бір күміс, бір қола медаль жеңіп алған. Биыл да жарқын нәтиже күтетіміз белгілі.

«Бұл менің екінші универсиадам. Алғаш рет, 2023 жылы Қытайда өнер көрсеттім.

Арманға АТАРАП ЖОЛ



Германиядағы универсиадаға 51 елден көркем гимнастика шеберлері келді. Осал қарсылас жоқ, бәсеке жоғары. Барымды салып жатырмын. Доп пен шығыршықтағы жаттығуда жоғары дәрежеде өнер көрсетуге тырысып бақтым. Айта кетерлігі, доппен жаттығуда көрсеткен композицияға екі апта бұрын өзгеріс енгізгенбіз. Сондықтан киынырақ болды. Дегенмен ойымдағыдай алып шықтым деп ойлаймын. Ал шығыршықпен жаттығуды жақсы көремін. Оның үстіне, күйдің сүйемелдеуімен еркін, шабыттана кимылдаймын», — дейді гимнаст Айбота Ертайқызы.

Айталық, Айботаның шығыршықтағы өнері кім-кімді болса да бейжай қалдырған жоқ. Қазақша би кимылын қосып, соңына қарай «Қара жорғаға» салғаны тіпті керемет. Өзі шабыттанамын дегеніндей, көрерменнің рухын бір көтеріп тастады. Құлшына орындаған жаттығуына залда отырғандар қол соқты. Осылайша, Ертайқызы 19 шілде күні көпсайыс бойынша жүлдеге таласады.

Ал спорт гимнастикасынан Зейнолла Ыдырысов, Дмитрий Патанин, Дияс Тойшыбек, Алтынхан Темірбек және Асан Сәлімов сынға түседі. Одан бөлек, семсерлесу, бадминтон, теннис, үстел теннисі, садақ ату, жүзу, академиялық ескек есу, жеңіл атлетика мен дзюдо бар. Соның ішінде бірқатар спорт түрінен жүлде ілер жүйріктер жетерлік. Әсіресе, академиялық ескек есуден Мария Чернецке артар үміт көп. Оның табанды, жігерлі мінезі мен шеберлігі — жеңімпаз атануға негізгі фактор. Үлкен теннистен Глияс Маратұлының есімі

үлкенді-кішілі жарыстан жиі естілетіні де бекер емес. Жүзу мен садақ атудан да жүлде үшін күресетін атлеттер бар. Семсерлесу мен жеңіл атлетикадан да мықты өрендер өсіп келеді.

Байқасаңыз, дзюдоны жеке талдауға көштік. Өйткені жігіттер мен қыздар бабынан таймаса, қоржынға жүлде салар тамаша мүмкіндік туып тұр. Өйткені Германияға жеткендердің арасында әлемдік аренада бақ сынап үлгерген бірнеше балуан бар. Атап айтар болсақ, алғашқысы — 66 келіге дейінгі салмақта сынға түсетін Нұрканат Серікбаев. Жаңа салмаққа ауысқан сабасын бұдан бұрын Германияда әскерилер арасындағы әлем чемпионатына қатысып үлгерді. Демек, Серікбаев жаңа салмаққа бой үйреткені көрініп тұр. 60 келіде талай додада топ жарған одан жүлде күтетіміз анық. Ал сол, 60 келіде Аман Бақытжан



өнер көрсетеді. Иә, сіз де Астанада өткен Grand Slam жарысын еске түсірдіңіз бе? Аталған бәсекеде ол Токио Олимпиадасының күміс жүлдегері Янг Юн Вейді айналып өтіп, кіші финалда азулы Ли Хариды қапы қалдырды. Сонда әлем «жаңа жұлдыз туып келе жатыр» дескендей. Салқынқанды балуан осы жолы барын ортаға салар деп жорамалдаймыз. 73 келіге дейінгі салмақтағы Дархан Қойбағар да, -100 келідегі Бағжан Байтас та «сен тұр, мен атайын» дейді.

**УНИВЕРСИАДА МЕН
ОЛИМПИАДАНЫҢ АРАСЫ**

Жалпы, еліміз 1993 жылдан бастап Универсиада ойындарына тұрақты қатысып жүр. Универсиада бастауы 1905 жылы АҚШ-та өткен алғашқы халықаралық студенттік жарысымен түйіседі. Одан кейін, 1923 жылы Парижде алғашқы Дүниежүзілік студенттік ойындар өтті. Ал 1949 жылы Халықаралық студенттік спорт федерациясы (FISU) құрылды. Қазір де осы ұйым жарыстың басшылығын жүргізеді. Одан кейін, 1959 жылы «универсиада» атауы ресми бекітілді. Содан бері бұл бәсеке екі жылда бір рет өтеді. Додаға ЖОО студенттері мен оқуын аяқтағанына бір жыл өтпеген түлектер қатысады. 17-28 жас аралығындағы атлеттер бақ сынаиды.

Универсиада — жасөспірімдер үшін таптырмайтын мүмкіндік. Универсиада сүрлеуімен жүріп, Олимпиаданы бағындырған қаншама атлет бар. Мысалы, жеңіл атлетика, оның ішінде үш қарғып секіруден алдына қара салмаған Ольга Рыпакова еске түседі. Ол 2007 жылы Бангкокте өткен студенттер ойынында алтын жүлде алды. Бір жылдан соң Универсиада жүлдесі Пекин Олимпиадасының күмісіне айналды. Кейіннен 2012 жылы Лондон Олимпиадасының алтынның алкалады. 2015 жылы Оңтүстік Кореяның Кванджу қаласында өткен универсиадада Дмитрий Баландин жүзу спортынан топ жарды. Кореядан жеткен алтынның сынғырын араға бір жыл салып, Риодан да естігеніміз бар. Ол — жүзуден ел тарихындағы алғашқы Олимпиада чемпионы. Одан кейін 2023 жылы гимнаст Нариман Курбанов Қытайда өткен студенттер бәсекесінде күміс жүлде алды. Сөйтіп, 2024 жылы сол жүлдесін Париж Олимпиадасының күмісіне алмастырды. Сол жылы Қытайда күміс пен қола алған мерген Ислам Сәтпаев, Парижде үздік үштікке кірді.

Иә, студенттер арасындағы бұл турнир талай жастың шырағын жағады. Мәселен, 2023 жылы Милад Карими спорт гимнастикасынан алтын, күміс, қоланы қатар тақты. Сол жылы жүзуден қола медаль еншілеген Әділбек Мусин кейіннен Париж олимпиадасына жолдама алды. Универсиада күмісін қоржынға салған Эльжана Таниеваны әлем таныды. Одан бөлек, қаншама спортшы осы жарыс арқылы қанатын қомдады. Жазғы және қысқы Универсиада ойындары сонысымен құнды. Спортшы үшін тұсауын кесер әлемдік сын. Бұл жолы Германия қай ойыншының бағын ашып, Олимпиадаға дейінгі баспадағы болар екен?!

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі - «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4618
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,